



ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ
Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 25 ШІЛДЕ, 2024 ЖЫЛ №82 (23 404)

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Декларацияның дегені жүреді

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында фискалды реттеу ісін қайта жаңғырту үшін 2023 жылы жаңа Салық кодексі әзірленетінін айтқан болатын. Оның ең түйткілді тұсы саналатын салықтық әкімшілендіру мәселесі түгел қайта жазылуға тиіс деп, нақты тапсырма да берді. Осыған сәйкес, Мемлекет басшысы Салық кодексіне түзетулерге қол қойған болатын. Өзге де түзетулермен қатар, жаңа кодексте декларация мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Мәселен, биылғы жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірмей тапсырылуы қажет жалпыға бірдей декларациялау және кірістер мен мүлік туралы декларация шеңберінде салық есептілігін табыс етудің бірыңғай мерзімі белгіленді. Одан бөлек, 2024 жылдың 1 қаңтарынан Жалпыға бірдей декларациялау жөніндегі науданың үшінші кезеңі басталғанын айту керек. Мұндағы негізгі міндет – сыбайлас жемқорлық пен көлеңкелі экономика деңгейін төмендету, жеке тұлғалардың кірістерін бақылаудың тиімді тетігін құру және әділ салық салуды қамтамасыз ету мен әлеуметтік саясатты жетілдіру болып отыр.



Коллажты әзірлеген Ш.Адамбекова

Салтанат ІПНЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Негізі, жалпыға бірдей декларация 2021 жылы енгізілген және төрт кезеңнен тұрады. Алдымен, мемлекеттік қызметшілер, олардың жұбайлары және оларға теңестірілген адамдар тапсырды. «Неліктен мемлекеттік қызметшілерден басталды?» десек, олар халықтың ең дайындалған санаты екенін айту керек. Атап айтқанда, бұған дейін мемлекеттік қызметшілер атауы басқаша болғанымен, жыл сайын декларация тапсырған еді. Олар кірістерін, сондай-ақ, ірі сатып алулар мен сатылымдарды да көрсетіп, жыл сайын есеп беріп отырған.

Декларацияның екінші кезеңі 2023 жылы басталды. Ол мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор қызметкерлеріне, мұғалімдерге, дәрігерлерге, спортшыларға, бюджет қызметкерлеріне, олардың жұбайларына және тағы басқаларына қатысты болды.

Бірінші және екінші кезең бойынша жалпыға бірдей декларациялауға 160 мыңнан астам адам кірді. Олар – мемлекеттік қызметшілер және оларға теңестірілген адамдар, олардың жұбайлары. Сондай-ақ, бюджеттік ұйымдардың, квазимемлекеттік сектордың және олардың жұбайлары. Олар 2023 жылға арналған жеке табыс салығы бойынша 270

нысанды декларацияны тапсыруы қажет, – дейді Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Алданыш Адамбеков.

Алданыш Мейірханұлының айтуынша, 270-нысан жеке тұлғалар туралы ақпараттан тұрады. Оған сәйкес, декларация тапсырушылар кәсіпкерлік қызметтен түсетін кірістерді қоспағанда, жеке тұлғаның дербес салық салуға жататын табыстарын, салық шегерімдерін, жиынтығында 1000 айлық есептік көрсеткіштен асатын сомда ел шегінен тыс орналасқан шетелдік банктер шоттарындағы ақшаның сомасы, шет мемлекетте



Президент тапсырмасын орындай отырып...

тіркелген мүлік, инвестициялық алтын, шетелдік компанияға қатысу үлесі және тағы сол сияқтылар көрсетіледі.

Ал, мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген адамдар мүлікті сатып алу және неліктен шығару туралы, жылжымайтын мүлік, жер учаскелері, мемлекеттік тіркеуге жататын механикалық көлік құралдары мен тіркемелер және тағы сол сияқтылар бойынша есеп берулері тиіс.

Ал, үшінші кезеңде жалпыға бірдей декларацияны заңды тұлғалар мен құрылтайшылар, олардың жұбайлары, сондай-ақ, жеке кәсіпкерлер тапсырады. Бұл ретте заңды тұлға жеке кәсіпкер ретінде жұмысын тоқтатса да, декларацияны кез келген жағдайда тапсыру қажет екенін атап өту маңызды.

Алдын ала мәліметтер бойынша, жалпыға бірдей декларациялаудың үшінші кезеңінде облыс бойынша 118 мыңнан астам жеке тұлға тапсырды деп күтілуде. Бүгінде олардың 31 пайызы тапсырды, – дейді Алданыш Адамбеков.

Алданыш Мейірханұлы биылғы жылғы 1 шілдеден Салық кодексіне жеке санаттағы адамдардың активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны табыс етуден босату бөлігінде өзгерістер енгізілгеніне де тоқталды. Айтуынша, 2024 жылғы 1 қаңтардан коммерциялық емес ұйымдардың құрылтайшылары мен акционерлері активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны ұсынудан босатылған.

Жалпыға бірдей декларациялаудың соңғы аккорды – 2025 жылы аяқталады. Оған 18 жасқа толған барлық қазақстандықтар кіреді. Яғни, қатарда студент те, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар да, тіпті, үй шаруасындағы әйелдер бар.

«Декларациялаудың соңғы кезеңінде зейнеткерлер де, тіпті, Қазақстанда отырып, табыс тауып отырған шетелдіктер де бұл міндеттен айналып өте алмайды» дейді Алданыш Мейірханұлы.

• БӘРЕКЕЛДІ!

«Білімді мыңды жығар»

Қарағандылық Нұргүл Егенбергенова Кутаисіде (Грузия) өткен EuPho физика бойынша еуропалық Олимпиадада үшінші орын алды. Он алты жастағы оқушы зияткерлік жарыстарға қазақстандық құрама атынан қатысты.



Сурет облыс әкімінің сайынан

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Н.Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-лицейде оқимын. 10-сыныпқа көштім. Ел құрамасы сапында республикалық олимпиадаларда екі рет жеңіске жеттім. Еуропалық олимпиада екі турдан тұрды. Біріншісі мен үшін қиын болды, өйткені, эксперименттер жағынан әлсізбім. Бірақ, теориялық турға риза болдым. Басқа елдердің олимпиадашыларымен танысып, дайындық тәжірибесімен алмастық. Болашақта осындай жарыстарға қатысуға мүмкіндігім болады деп үміттенемін, – дейді Нұргүл.

Нұргүл өмірін физика және инженериямен байланыстыруды жоспарлап отыр. Жаңа оқу жылына жақсы дайындалып, IPhO және APPhO физикадан Азия елдерінің және халықаралық олимпиадаларға қатысу үшін іріктеуден өткісі келеді.

Айта кеткен жөн, EuPho еуропалық олимпиадасында 55 елден барлығы 265 адам бақ сынады. Қазақстан бойынша Астана, Алматы, Қарағанды және Атыраудан төрт оқушы қатысты. Команда есебінде екі күміс және екі қола медаль бар.

• КӨКЕЙКЕСТІ

Бала қауіпсіздігі басты назарда

Мемлекет басшысы «Бала қауіпсіздігі – бәрінен маңызды» деп талап қойғанымен, мәселеге неғұрлым қарайтындар кездесуде. Қайғылы жағдайлардың басым көпшілігінде балалар бар. Бұл әлі де болса, қоғам арасында бала құқығын қорғау жөніндегі шешімін таппаған ауқымды мәселенің көптігін аңғартып тұр. Бұған қатысты Мемлекет басшысы не деп еді?

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Адал азамат және тұрғырлы тұлға болудың негізі бала кезден қалыптасады. Сондықтан, біз жас ұрпақтың қауіпсіз әрі алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етуге тиіспіз. Мен Мемлекет басшысы ретінде көмелетке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жазаны күшейтуді талап етемін. Жол, ғимарат, киім-кешек, азық-түлік, яғни, барлығы балалар үшін қауіпсіз болуы керек. Сондай-ақ, өскелең ұрпақтың психикалық саулығы – өте маңызды мәселе, – деді Президент.

Жақында аймақ тұрғындарын Курьяновский кентіндегі балалар алаңында ойнап жүріп, басын темірге соғып, жарақаттаған баланың жайы алаңдаты.

Екі балам сағат 15:00-де сеуруендеуге шықты. Байжанов көшесі, 55 мекенжайында тұрамыз. Ал, алаң № 61 үйдің жанында орналасқан. Олармен бірге көрші балалар болды. Бес жастағы Рамазан жүгіріп келе жатқан сәтте басын темір бұрандаға соққан. Негізі, ол алаң қоршалған және бұранда жабылған болуы тиіс еді, – дейді баланың анасы Диана Мұбарекшенова.

Балалар үйге жүгіріп келген соң аналары жедел жәрдем шақырып, бала облыстық балалар клиникалық ауруханасына жеткізілген. Балаға алғашқы көмекті көрсетіп, басын тіккен облыстық балалар клиникалық ауруханасы дәрігерлерінің айтуынша, балада бас ғана емес, ми жарақаты да бар. Баланың басы 18 жерден тігілген, әрі психикалық тұрғыда зардап шеккен.

Сол күні нейрохирургия



Сурет шығарушының

бөлімінде қалдық. Дәрігер маған балаға зиян келгенін мердігерге түсіндіру үшін жарақат алған орынды қайта қарауымды ұсынды. Ойын алаңынан ұлымының шашы мен терісінің бөлшектері бар бұранданы таптым. Әкімдікте мердігерге қатысты деректер алуға тырыстым. Мердігер кеш

келді. Баланың жағдайы туралы сұрамады. Олар ойын алаңы қоршалған деп мәлімдеді. Бірақ, жағдай олай емес. Балалар ойнап жүргенде нысанның төлқұжаты болмаған, – дейді баланың анасы.

Ал, облыстың денсаулық сақтау басқармасы балада ми жарақаты бар деп жауап берді.

Қабылдау кезіндегі жағдай – орташа ауыр. Бас жарасы тігілді. Қазіргі уақытта нейрохирургиялық бөлімшеде консервативті ем алуға, – деп хабарлады.

Ал, Ә.Бөкейханов атындағы аудан әкімдігі мердігер ұйым құрылыстың бастапқы кезеңінде нысанды қоршағанын, жұмыстар

ды аяқтау мерзімі бар нысанның төлқұжаты орналасқанын айтқан.

Белгіленген ойын элементтеріне сәйкес өндіруші зауыттың сапа сертификаты бар. Бұл нысан пайдалануға берілмеген. Мердігер ұйым құрылыстың бастапқы кезеңінде нысанды сигнал тапсырымен қоршады, бірақ, ол бірнеше рет бұзылды. Нысан төлқұжатында «Жұмыстарды аяқтау мерзімі 2024 жылғы қазан» деп жазылған.

Балаларды қараусыз қалдырмаңыздар. Балаларыңызға салынып жатқан нысандарда ойнауға болмайтынын түсіндірулеріңізді сұраймыз, – деп жауап берді әкімдік өкілдері.

Облыстағы төтенше жағдайлар департаментіндегі төтенше жағдайларды жою басқармасының бастығы Нұржан Жақаевтың айтуынша, бүгінде облыстың барлық өңірлерінде балалар қауіпсіздігіне қатысты үгіт-насихат жұмыстары жолға қойылған. Алайда, балалардың тұрмыстық жарақаттануының себебі ересектердің абайсыздығы мен салғырттығынан. Өйткені, балалар күннің көп бөлігін ересектердің қарауынан тыс қалып өткізеді.



Қолдау да күш береді

Облыс әкімі отыз үшінші жазғы Олимпиада ойындарына аттанып бара жатқан спортшыларымызға сәттілік тіледі. Құттықтау рәсімі ЗУМ платформасы арқылы өтті. Ұлттық құраманың сапында бес спортшымыз бар. Олар – Ксения Игнатова (жүзу), Данил Мұсабаев (батут гимнастикасы), Давид Ефремов (жеңіл атлетика) және паралимпиадашылар – Дастан Мұқашбеков пен (параженіл атлетика) Даяна Федосова (парадзюдо).



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Олимпиадаға қатысу – зор жауапкершілік. Сіздердің әрқайсыларыңыз бар күш-жігеріңізді салып, елімізді Олимпиадада лайықты түрде таныстыратында-

рыңызға сенімдімін. Ал, қарағандылықтардың қолдауы жеңіске ынталандырады! Барлығымыз сіздерге қолдау көрсетеміз! Сіздерден нәтиже күтеміз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Спортшылар мен олардың жаттықтырушылары байрақты

додаға сақдай сай, лайықты орындар үшін күресуге дайын екендерін атап өтті. Сонымен қатар, осы уақытқа дейін қажетті жаттығу үшін облыс басшылығы тарапынан жасалған қолайлы жағдайға алғыстарын жеткізді.

– Біз – қазір Олимпиада ба-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

засындамыз. Мұнда бізге жақсы жағдай жасалған. Тамақтану да жақсы ұйымдастырылған. Дайындық қарқынды жүріп жатыр, – деді батутшы Данил Мұсабаев.

Жүзуші Ксения Игнатова небәрі 18 жаста. Ол қазірдің өзінде ересектер арасындағы әлем, Азия чемпионатына қатысып, екі континенттік рекорд орнатты. Оны Станислав Осинский жаттықтырады.

– Менің көңіл күйім керемет! Өзімнің ең жақсы нәтижелерімді көрсетуге дайынмын. Бұл дода әр спортшы үшін зор маңызға ие. Мен соңына дейін күресемін! – деді Ксения Игнатова.

Париждегі XXXIII жазғы Олимпиада 26 шілде мен 11 тамыз аралығында өтеді. Франция астанасындағы жарысқа әлемнің 206 елінен 10 500 спортшы келеді. 329 медаль сарапқа салынады. Қазақстаннан 80 спортшы қатысады.

Жазғы Олимпиада аяқталғаннан кейін Париждегі спорт алаңдарында 28 тамызда XVII Паралимпиада ойындары басталады.

Сурет
облыс әкімдігінің сайтынан

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Тасқынға дайындық бекем

Кейінгі жылдары көктемгі су тасқыны елдің барша аймағын әбiгерге салып жүргені мәлім. Сондықтан да, бұған қамданыс ерте басталады, әрі толассыз жалғасады. Тiлсiз жаудың бiрiне айналған тасқын салғырттықтың сан соқтырарын көрсетiп-ақ келедi. Осыған орай Қарағанды облысы әкiмiнiң әкiмiмен 2025 жылғы су тасқыны кезеңiне дайындық үшiн инженерлiк жұмыстар жоспары бекiтiлдi. Бұл туралы облыс әкiмдiгiнiң баспасөз қызметi хабарлады.



Ал, төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі таратқан мәліметтерге сүйенсек, ол жоспарда 161 шара бар. Өзендерді санациялау, қорғаныс біліктерін орнату және нығайту, құбырлардың су өткізу қабілетін арттыру, су бұру жүйелерін тазарту сынды маңызды шаралар осы жоспарға сәйкес жүретін болады.

Таратылған мәліметтер бүгінде ендігі жұмыстардың басталып кеткенін айтады. Мысалы, Ақтоғай ауданының Сәуле ауылы, Бұқар жырау ауданының Новостройка ауылы, Қарқаралы ауданының Ынтылы және Бүркітті ауылдары, Нұра ауданының С. Мыңбаев, Өндіріс ауылы, Шет ауданының Мойынты ауылдары сияқты әртүрлі елді мекендерде 10 шақырымға жуық қорғаныс біліктері тұрғызылып, нығайтылған екен.

– Қарқаралы ауданы Ақшоқы ауылының маңында Көктал өзеніне санация (газарту) жүргізілді. Осакаров ауданында Қарғала, Сабырқожа және Үлкен Құндыз өзендерінің арналарын санация-

лау жоспарлануда, осы жобаларға ЖСҚ әзірленді.

Бірқатар учаскелерде құбырлардың су өткізу қабілеті күшейді. Бұл жұмыстар Бұқар жырау ауданының Жастілек ауылында, Нұра ауданының Заречное ауылында, Осакаров ауданының Николаевка ауылында, Темірау қаласының Ортас (Карьерная) станциясында, Приозерек қаласында, сондай-ақ, Бұқар жырау ауданы мен Қарқаралы аудандарының автожол учаскелерінде жүргізілді, – дейді төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі.

Аймақтың биыл кей ауылдарын тасқын айналып өтпеді. Алайда, Қарағанды аймағының бұл тұрғыдағы дайындығы мен тәжірибесі Үкімет деңгейінде өзгелерге үлгі ретінде ұсынылғаны белгілі. Сонымен бірге, тасқын зардабын тартқандардың шығындары толық өтелгенін де атап өткен жөн.

Өз тілшімізден

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

• РЕЙД

Бала бейсауат жүрмеуі тиіс

Жұырда кәмелетке толмағандар тарапынан қылмыстың алдын алу мақсатында Балқаш қаласында «Түнгі қаладағы балалар» және «Қамқор» рейдтік шарасы өтті.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Балқаш қаласының білім бөлімі өкілдерінің айтуынша, аталған іс-шараға Балқаш қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПТ мемлекеттік заңды тұлғаның 2 қызметкері, Балқаш қаласы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау комиссиясының хатшысы, білім бөлімі және халықты әлеуметтік қорғау бөлімінің мамандары қатысқан.

Ведомствоаралық өзара іс-қимыл, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, қадағалаусыз және панасыз қалудың, балалар еңбегін қанаудың алдын алу аясында 92 рейд жүргізілді, оның ішінде, саяжай шаруашылығына – 35, үйлердің жертелелеріне – 24, теміржол және автовокзалдарға – 2, ойын-сауық мекемелеріне – 6,

2 – компьютер салонына, дүкендерге – 16, калалық базарға – 1, жанар-жағармай құю бекеттері мен көлік жуу орындарына – 6 рейд.

Сондай-ақ, тұрғылықты жері бойынша Балқаш қаласының ПБ мемлекеттік заң бөлімшесінде есепте тұрған 8 тұрмысы нашар отбасы тексеріліп, олармен профилатикалық әңгімелесулер жүргізілген.

Мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері түнгі уақытта жастар аймақтарын аралап шықты. Сағат 23:15-те 8 сынып оқушысы, 23:35-те Абай көшесіндегі «Зере» сауда үйінің маңында 8 сынып оқушысы ұсталып, заңды өкілдеріне, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 442 бабы бойынша әкімшілік хаттама толтырылды.

БАЛҚАШ

• МЕМОРАНДУМ

Ынтымақтастық орнады

Ә. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті Атагүрік университетімен бірлескен меморандумға қол қойды.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесуде Ә.Сағынов атындағы ҚарТУ QS World University Rankings: Asia 2024 рейтингінде өткен жылмен салыстырғанда 20 орынға көтеріліп, ТОП-251+ қатарына енгені атап өтілді. Ал, ұлттық рейтинг қорытындысында ол Қазақстанның үздік техникалық

жоғары оқу орындары арасында бесінші орында тұр.

Эрзурум қаласында орналасқан Атагүрік Университеті – Түркияның ірі жоғары оқу орындарының бірі. Қазіргі уақытта онда 45 мыңнан астам студент оқиды. Соңғы жылдары Түркияның жетекші жиырма университетінің және халықаралық рейтингтегі үздік жоғары оқу орындарының 5 пайызының қатарына кірді.

• Өңірлерді дамыту

Ауылдарда ақшаңқан үйлер

Ауылда құрылыс жүргізіліп, үй салынағалы қашан?! Кешегі кеңес заманында жергілікті және сырттан келетін (оларды «шабашниктер» дейтін) құрылысшылар, одан қалды студенттік құрылыс жасақтарының күшімен жыл сайын әр ауылда қаншама тұрғын үйлер мен әлеуметтік-тұрмыстық нысандар бой көтеріп, пайдалануға беріліп жататын еді ғой. Бірақ, өткен ғасырдың 90 жылдарынан бастап, ол жақсы дәстүр де тараған кеңешарлармен бірге құрдымға кетіп тынған.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Соның салдарынан екі қолға бір жұмыс таппаған жұрттың көбісі жылы орындарын суытып, қалаға көшті емес пе? Сонда барып, тапқан пайдасы да шамалы. Енді солардың біразының от жағып, күл төккен жеріне қайта оралғысы бар. Келген күнде де олар үшін дайын тұрған баспана қайда?! «Қайта кірер есігінді қатты жаппа» демекші, кезінде өздерінің сыңғырлаған үйлерін бұзып, құрылыс материалдарына сатып жіберген ағайынның басындағы бұл жағдай баршаға мәлім. Оның үстіне, сол кезде кара орнынан қозғалмай қалған ауыл тұрғындары да содан бергі отыз жылдан аса мезгілде өсіп-өніп, бір үйде екі-үш отбасыдан тұрып жатқандары да жасырын емес. Бұл проблема еліміз бойынша барлық селолық аудандарға, соның ішін-

де, Бұқар жырау ауданына да тән. Міне, мемлекетімізде қабылданған «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» Ұлттық жобасы да осы мәселені оң шешуді көздейді. Соның шеңберінде ауылдық елді мекендерде тұрғын үй құрылысын жандандырып, ең бірінші кезекте жылдап пәтер кезегінде тұрған халықтың әлеуметтік осал топтарын үй-жайлы қылу біз айтып отырған Бұқар жырау ауданында қолға алынған. Сол бойынша 8 жекеменшік құрылыс инвесторлары ауданның 6 ауылында өз күш-қаражатымен 40 пәтерді салып бітірсе, аудандағы әкімдік оларды сатып алып, жоғарыдағы санаптағы адамдарға жалға береді екен.

Атап айтқанда, Үміткерде екі пәтерлі – 3, Ақбелде – 2, Жаңақалада – 1, Баймырзада – 2, Көкпектіде – 5, Ботақарада – 1 және екі қабатты 12 пәтерлі үйдің құрылысы жүріп жатыр. Содан 30 пәтерді



сатып алу үшін «Самұрық-Қазына» Ұлттық қорынан 460 миллион 470 мың теңге, қалған 10 пәтерге республикалық бюджеттен 134 миллион 250 мың теңге және аудандық бюджеттен 320 миллион 880 мың теңге бөлу қарастырылыпты.

– Бұл күйген кірпіштен салынып жатқан пәтерлердің әрқайсының аумағы 80 шаршы метрді құрайды. Оларда тұрмысқа қолайлы жағдайдың бәрі жасалады. Электр желісі, ауызу, кәріз жүйелері тартылып, үйдің ішіндегі жуынатын орын мен дәретханасының сантехникасы, сыртта септігі мен отын қорасы сайланып, маңайы абаттан-

дырылып, қоршалады, – дейді бізбен әңгімесінде Бұқар жырау ауданының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Айнагүл Исақова. – Біз олардың архитектуралық-құрылыс талаптарының бәрiне сай екендiгiн әбден зерттеп, тексергеннен кейiн ғана оларды конкурс жариялау арқылы сатып алып, пәтерге мұқтаж жандарға жалға беремiз.

Айнагүл Әкімқызының айтуынша, қазірде Ақбел, Ботақара, Жаңақала ауылдарындағы екі пәтерлі 4 үйдің құрылысы бітіп, айналасы абаттандырылып жатқан көрінеді. Сәтін салса, сол елді мекендердегі 8 отбасының қонысмай жасайтын күні де таяу.

Жалпы, естіп білгенімдей, бүгінде дейін Бұқар жырау ауданы бойынша пәтер кезегінде 1022 адам тұрса, мұның өзі сол санды сәл де болса азайтары анық. Ендеше ауылдарымызда ақшаңқан үйлер көптеп салынып, қайыра дамып, өркендегенін тілсесек, бұл өміршен жобаның жылдамдата жүзеге асқаны жөн-ақ.

Бұқар жырау ауданы

Суреттер
ұйымдастырушылардан

• ӨЗЕКТІ

Тәтті тағамның ащы салдары

Қазақстанда «қант диабеті» диагнозы қойылғандар қатары көбейіп барады. Биылғы дерек бойынша 500 мыңға жуық науқас тіркелген. Жана мыңжылдықтың басында 10 742 науқас болса, бүгінгі таңда – 496 210 науқас. Ауруға шалдыққандар 45 есе өскен. Дәрігерлердің дабыл қағатын жөні бар. Себебі, 2030 жылға қарай қант диабетімен ауыратындар 800 мыңнан асады деген болжам бар.

Жаная ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл Қазақстанда ғана емес, әлем елдерінің көпшілігінің мәселесіне айналып отыр. Бұл, ең алдымен, адам баласының өмір салтының түбегейлі өзгеруіне байланысты. Статистика балалар мен жасөспірімдер арасында сырқаттанушылықтың өскенін, қант диабетінің асқинуынан болатын өлім-жітімнің де артқанын көрсетеді.

Облыстық клиникалық ауруханасының эндокринология бөлімінің меңгерушісі Зарема Тұтқышбаеваның айтуынша, Қарағанды облысы бойынша 36 мыңнан астам адам қант диабетіне шалдыққан. Олардың 400-ден астамы – балалар мен жасөспірімдер.

– Тіркелген науқастардың 95%-ы – екінші тип, 5%-ы – бірінші типке жатады. Инсулин қабылдайтындары – 9 мың адам. Оның 7 мыңы – екінші тип, қалғаны – бірінші тип науқастар. Негізі, Қарағанды облысы қан диабетін анықтау жағынан ел бойынша алдыңғы қатарда. Бізде аурудың диагностикасы жоғары. Қант диабетінің таралуы адамның ішіп-жегеніне тікелей байланысты, – деді Зарема Тұтқышбаева.

Дәрігердің айтуынша, тәтті сусын, фаст-фуд осы дертке алып келіп жатыр.

– Адамның тамақтану қулықты өзгерген. Балалардың не ішіп, не жеп жатқанына бақылау жоқ. Артық салмағы бар балалар көп қазір. Пирожное, торт, печеньең неше түрі сатылымда бар. Адам ештеңе мазаламаса да, тексеріліп тұруы керек. Қандағы қантты тексеру қиын емес, нәтижесін бірден білесің, – дейді ол.

Зарема Мырзахметқызының айтуынша, қант диабетін анықтау үшін гликирилді гемоглобин тапсыру керек. Ол соңғы үш айдағы қанның құрамындағы қантты көрсетіп береді.

– Қант диабетінің екі типі және жүктілік кезінде пайда болатын гестационды түрі болады. Жүктілік кезінде балаға



Коллаж жасаған Ш.Аманжолов

берілмеуі мүмкін, бірақ, оның құрсақта дұрыс дамуына тигізер залалы бар. Осыдан түрлі бұзушылықтар, фетопатия туындауы мүмкін. Қан тапсырғанда қант деңгейі 6-ға дейін болса, жақсы, 6,9 дегеніміз – қант диабетінің алды, 7 – қант диабеті. Артық салмаққа мән беру керек. Оны масса индексі арқылы есептеп алуға болады. Әлемдік мамандар әйел адамның белінің өлшемі – 80 см, ер адамдардікі – 90 см болуы керек деп айтады. Қант диабеті жазылады, оған үнемі дәрі ішеді, саламатты өмір салтын ұстанады, – дейді дәрігер.

Қант диабеті – соқырлықтың, бүйрек жеткіліксіздігінің, инфаркт пен инсульт-

тің негізгі себебі. Қант диабетінің профилактикасын көп жағдайда ұсыныс деп емес, өмірлік қажеттілік деп қабылдаған жөн.

Мәселе Мәжіліс мінберінен де айтылды. Мәжіліс депутаты Ирина Смирнова қант диабетіне шалдыққандардың жыл сайын артып келе жатқанын айтып, Үкімет басшысына шара қабылдау қажеттілігін көтерді.

Ол өзінің депутаттық сауалында қант диабетімен күресу бойынша ұлттық бағдарламалардың жоқтығын алға тартты.

– Күн сайын қант диабетімен ауыратын 100-ден астам жана науқас тіркеледі. Ересек халықтың 6%-ға жуығы 2 типті

қант диабетінен зардап шегеді. Бұл – мемлекет үшін үлкен қаржылық жүктеме. Тікелей медициналық шығындардан бөлек, денсаулығынан айрылып, еңбекке жарам-

терге сүйенсек, қант диабеті денсаулық сақтау саласын қаржыландырудың жалпы көлемінің 21%-ын алады. Науқастарды дәрі-дәрмекпен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етуге 2022 жылы 38 млрд. теңге, 2023 жылы 45 млрд.теңге, 2024 жылы 56,3 млрд.теңге бөлінді. 2025 жылға болжамды қажеттілік 70 млрд. теңгені құрап отыр.

Десе де, науқастар қатары азаяр емес. Мәселені көтерген депутат Ирина Смирнова қант қосылған алкогольсіз сусындарға қосымша салық енгізу жайлы ұсынысын да білдірді.

Оның айтуынша, бұл салық енгізілсе, отандық сарапшылар калориясы жоғары сусындарды тұтынуды азайтып, сол арқылы елімізде, әсіресе, балалар мен жасөспірімдер арасында семіздікке шалдығудың санын азайтуға мүмкіндік туар еді. Қазірдің өзінде мұндай салық түрі әлемнің 65 елінде енгізілген.

– Жылына 2 миллиард 400 миллион литр қант мөлшері жоғары сусындарды өндіру кезінде литріне салынатын 20 теңге салық қант диабетін амбулаторлық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бюджетін 1,45 есе жабуға мүмкіндік береді, – деді Ирина Смирнова.

Дерттің таралып қана қоймай, оның салдарынан туындайтын асқинулардың көбеюі мамандарды алаңдатады. Диабеттік ангиопатияға байланысты жылына 1 894 аяққа ампутация жасалады екен. Бұл ретте ауыр ампутациядан кейінгі науқастардың бес жылдық өмір сүру деңгейі 24% құрайтынын да айта кету керек. Одан бөлек, қант диабеті себебінен көз жұматындар да көбейгенін көруге болады статистикалық деректерден.

Қан мөлшері жоғары алкогольсіз сусындарға салық енгізуге қатысты талқылаулар елімізде екі жылдан бері жүріп жатыр. Әлі де нақты шешім шығар түрі жоқ, ал, бұл уақытта қант диабетіне шалдыққандар күн санап көбеюде. Сондықтан, дәл қазіргі уақытта абзалы – әр адамның жеке жауапкершілігін арттыру. Оған салдарымен ғана күресетін министрлік те, миллиондап табыс тауып отырған бизнес те басын ауыртпайды. Денсаулық әркімнің өзіне керек.

• ТЕХНОЛОГИЯ

Жаңа зертхана жұмысын бастады

Облыс тұрғындары үшін медициналық талдаулардың кең түрін тапсыруға тағы бір мүмкіндік жасалды. Қарағанды облыстық клиникалық ауруханасында жаңа орталықтандырылған микробиологиялық зертхана жұмыс істей бастады. Мұндағы заманауи жабдықтар мамандарға жылына 150 мыңға дейін түрлі зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді.



Жаная ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұрын аурухананың зертханалары қала бойынша бірнеше жерде орналасқан еді. Енді олар біріктіріліп, жоғары деңгейлі жабдықтар мен керек-жарақтармен жабдықталған.

Зертхана көмегінен неврологиялық, ревматологиялық, урологиялық және басқа да көптеген жұқпалы патологиялары бар науқастар алады. Аутоиммунды аурулардың маркерлеріне де қан анализін тапсыруға болады.

Ерте диагноз пациенттердің өмір сүру сапасын жақсарттады.

– Зертханада микроскопиялық, бактериологиялық, серологиялық, паразитологиялық және молекулалық-биологиялық әдісті пайдалана отырып, инфекциялық және паразиттік аурулардың қоздырғыштарын анықтау және оқшаулау бойынша зерттеулер жүргізіледі. Біз инфекциялық орталық базасында ашылғандықтан, бірінші кезекте жіті-ішек инфекциясы, ЖРВИ бар пациенттердің талдауларын жасаймыз. Көкжөтел, менингит, адено

және ротавирустар, А және В тұмауы және т. б. уақытылы ПТР – диагностикасы жүргізілуде, – дейді орталықтандырылған медициналық зертхананың меңгерушісі Гүлнара Бейсембаева.

Көпфункционалды зертхана заманауи анализаторлармен – ИФА, ИХЛ, ПТР, қан құрылымының автоматты жүйелерімен, антибиотиктерге сезімталдық анализаторларымен жабдықталған.

Талдауларды декоративті уақыты айтарлықтай қысқарды. Бұл емдеудің тиімділігін арттырады. Мысалы, қан, ликвор, синовиальды және басқа сұйықтықтарды тексеру үшін бір-үш күн қажет болады. Бұрын дәл сол талдау қолмен өңделген еді. Мамандарға 10 күнге дейін уақыт қажет болатын.

Зертханада тәжірибесі мол жоғары білікті мамандар жұмыс істейді.

Қызметтер тегін – МӘМС жүйесі бойынша да, ақылы да қолжетімді.

Зертхана Охотская көшесі, 2 мекенжайында орналасқан.

Сурет облыстық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметінен

Медициналық көмек – үздіксіз әрі сапалы

Денсаулық сақтау жүйесін МӘМС қаражаты есебінен қаржыландыру үлесі жыл сайын артып келе жатқанын айту керек. Мәселен, өткен жылы ол – 43,8%, яғни, 64,1 млрд. теңгені құраса, биыл – 45,2%. Бұл үрдіс болашақта да сақталады. Ал, 2027 жылы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі пакеттерінен қаржыландыру үлесінің арақатынасы 70/30 болады деп жоспарлануда.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл медициналық көмекті қаржыландыру жүйесіне өзгерістер енгізілгенін айту керек. Мәселен, консультациялық-диагностикалық қызметтер, сондай-ақ, республикалық медицина ұйымдарында көрсетілетін стационарлық көмек жеке қаржыландырылады. Одан бөлек, стационарлық деңгейде мамандандырылған медициналық көмек, ересектер мен балаларға арналған медициналық оңалту бөлек қаржыландырылатынын айту керек.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры Фазыл Копобаевтың айтуынша, бүгінде облыстың денсаулық сақтау ұйымдарына көрсетілген медициналық көмек үшін 23,9 млрд.теңге аударылған.

– Сондай-ақ, қор облыстағы медицина ұйымдарына жалпы сомасы 42,2 млрд. теңгеге аванс берді. Аванс көлемінің ұлғаяу медициналық ұйымдардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қажет болды. Себебі, медициналық көмекке ақы төлеудің жаңа бірыңғай жүйесін енгізуге байланысты ақы төлеуде кідірістер болуда. Қазір бұл жүйені қор мамандары пысықтауда және жақын арада медицина ұйымдарын қаржыландыру шғаттық режимде жұмыс істеуі тиіс, – дейді Фазыл Копобаев.

• САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ

Салғырттық сан соқтырмасын

Қарағандылық дәрігерлер балаға ота жасап, оның ішектерінен бес магнитті алып тастады. Сәби келесі айда екіге толады. Қазір ол жансақтау бөлімінде жатыр.

«Диагностикалық зерттеу кезінде асқазан-ішек жолында бөтен зат – бес магнит анықталды. Бала жедел хирургиялық

Қаржыландырудың кешігуі амбулаториялық-емханалық ұйымдарда медициналық көмектің қолжетімділігіне әсер етуі мүмкін. Бірақ, бұл тұрғындарға медициналық көмек көрсетуден бас тартуға себеп немесе негіз болмайы тиіс. Медициналық көмек көрсету үздіксіз және сапалы орындалуы – міндет. Егер тұрғындар тарапынан шағым түссе, қор экономикалық шара қолданады.

Фазыл Копобаев медициналық қызметке қолжетімділік пен сапаға мекеме ішіндегі жұмысты ұйымдастыру да әсер ететінін айтады. Мәселен, қордың кері байланыс арналарына 2024 жылдың 1-ші жартыжылдығында облыс филиалына 1993 өтініш түскен. Оның 45-і – медицина қызметкерлеріне айтылған алғыс болса, 1087-і – консультативтік сипаттағы өтініштер. Одан бөлек, қор жұмысына 1 ұсыныс айтылса, 771-і – медицина ұйымының жұмысына шағым.

– 771 шағымның 186-ы кері қайтарылды, 585-і қаралды. Ал, өткен жылы 787 шағым түсіп, оның 655-і қаралған болатын. Яғни, 10,6%-ға төмендегенін байқауға болады. Пациенттер көп жағдайда мәселені дер кезінде шеше алмайтын медицина қызметкерлерінің қолдау қызметіне шағымданады. Бұл ретте өңірлерде бейіндік мамандықтар бойынша медицина қызметкерлерінің ташпылығы да рөл ойнайды. Сондай-ақ, консультациялық-диагностикалық қызметтерді ұзақ

күту, медицина қызметкерлерінің этика мен деонтологияны бұзуы да кездеседі. Өтініштерді қарау кезінде шағым расталса, пациенттердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру туралы шешімдер қабылданады, – дейді Фазыл Копобаев.

Жалпы, 2017 жылғы 1 шілдеден қазіргі уақытқа дейін медициналық сақтандыру қорына Қарағанды облысының телеушілерінен 221,8 млрд.теңге түскен. Ал, биылғы алты айындағы түсім – 34,1 млрд. теңге. Оның 19,07 млрд.теңгесі – жұмыс берушілердің аударымдары, қалғаны жеке кәсіпкерлер, жеке құрылымдар мен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша жұмыс істейтіндердің жарналары.

– 2024 жылы облыста 933 350 адам сақтандырылған. Медициналық сақтандыру жүйесінен тыс 201 585 адам бар. Бұл – халықтың 17,8%-ы. Saqtandygu ақпараттық жүйесінің деректері бойынша қызметкерлер – 23%, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша жұмыс істейтіндер – 2,6%, жеке кәсіпкерлер – 2,1%, бірыңғай жиынтық төлем төлеушілер – 2,2%, дербес төлеушілер – 2,4%, қалғандары – 0,1%. Соңғы 12 айда төлемдері жоқтар – 67,7%. Сақтандырылмағандардың негізгі пайызын МӘМС үшін жарналар мен аударымдарды ешқашан төлемеген азаматтар құрайды, – дейді Фазыл Копобаев.



МЕДИЦИНАЛЫҚ
САҚТАНДЫРУ
ҚОРЫ

Өз тілшімізден



• ПРОБЛЕМА. УСЫНЫС. ПІКІР

Еңбек қатынастарының жаңа парадигмасы

Бұл жазбада ғылым да бар, заң да бар, нақты тәжірибе де бар, керек десеніз, қиял да бар. Зерделей алған адам өзіне керек көп идея табады. Бір жағынан, әлемдік шеңберде қарастырылған. Еңбек адамы, ауыл мен қала тұрғыны, жұмыс беруші мен мемлекеттік қызметкер де өзіне керектің табады, алады.

Проактивті бол

Жапондық компаниялар өздеріне жақын жерде тұратындарды жұмысқа алады. Бұған Жапонияда қалыптасқан әулеттік жалдау жүйесін қосыңыз. Бұл елде барлық туысқандар бір компанияның ішінде жұмыс істейді. Осы үрдіс қаншама буын бойынша үзілмейді. Ал, біздің жағдайда бұған керісінше, облысымыздағы жұмыскерлер ертелі-кеш ересілі-қарсылы сабылумен болады. Жұмысқа тұрудың әулеттік түрлі, отбасылық жүйесі біз үшін коррупциялық нышан болып көрінетіні де бар.

Теміртау тұрғындары Қарағандыға, Қарағандының тұрғындары Теміртау, Абай, Шахтинск, Саран, Шахан сияқты серіктес елді мекендерге, тіпті, одан да алыс жерлерге шұбырады. Вахталық әдіспен жұмыс істейтін компаниялар өздерінің өндіріс ошақтарына жақын елді мекендерден ешкімді жұмысқа алмауға тырысады. Оларға аз жалақыға жалданып істейтін тұрағы жоқ, отбасы мәселесін кейінге, не тысқары ысырып тастаған тұрлаусыздар керек сияқты. Осы арқылы олар қоғамда әлеуметтік жауапкершілігі төмен, отбасылық, не басқа да әлеуметтік жағдайы тұрлаусыз адамдар шоғырын көбейтіп отырғанын түсінбейді деу артық. Біледі, түсінеді, тек қандай да бір себебімен оларға осындай адамдарды жалдау тиімді. Бұл жайттар мемлекет басшылары жариялап отырған әлеуметтік саясатқа қайшы екені мәлім, ал, бірақ, бұл үрдіс қашан тоқтайтыны беймәлім. Осының өзін адамдармен жұмыс істейтін менеджерлердің біразының өз қызметінің шынайы миссиясын түсінбейтінін көрсетеді.

Менің жұмыс өтілім әуелі құқық қорғау органдарында, содан соң жоғарғы білім ошақтарында өтіп жатыр. Оннан астам компаниямен жұмысқа болдым. Сонда аңғарғаным, көптеген мекеме жұмыстың сыртқы көрсеткіштеріне назар аударып, өз қызметкерлерінің ішкі мотивациясына, жан-дүниесіне мән бере бермейді. Ондай компанияларда сырттай қарағанда жұмыс тоқтаусыз әрі бұрқырап жүріп жатқандай болғанымен, шын мәнінде, сапа мен мәселесі ақап жатады. Қай заманда болсын, өндірістің капиталдың дамуы адам дамуына тәуелді. Бүгінгі күні адамдық қабілеттер мен құзыреттіліктері дамытуға арналған тренингтердің танымал болуы осыған байланысты. Адамның мұқтаждықтан белсенді болғаны емес, саналы түрде ширекқан болуы, яғни, проактивті болуы маңызды. Компаниялар менеджерлері осыған қол жеткізуге тырысуы қажет.

Осыған байланысты, сіздердің назарларыңызға бірнеше мысал ұсынсам деймін. Бірінші мысал XIX ғасырда болған жайттарды бағндайды, алайда, бүгінгі күн үшін де өзекті. Роберт Оуэн (1771-1858) бірнеше кәсіпкермен бірігіп, 1800 жылдың 1 қаңтарында Ленарк графствосындағы Нью-Ленарк мекеніндегі ағылшындық үлкен фабриканың біреуін иелікке алады. Фабриканың бұрынғы иесі түрлі тәрбие үйлері мен қайырымдылық мекемелерінің балаларын жұмысқа жететін. Бұл ауыр еңбек пен нашар тұрмыстан балалар жиі өлетін, ересектердің имансыздық пен азғындыққа еті өліп кеткен мекен болатын. Оуэн фабриканы осындай күйде алады. Оның айтуынша, фабрика жұмыскерлері үшін ұрлық – қосп, маскүнемдік – үйреншікті жағдай, алдау – салт болып, баршаны сенімсіздік пен ыдыранқылық, бейберекеттік жайлап алған еді.

Оуэн фабрикада жасалған ешбір ұрлық үшін ешқандай айып тауа ісін ашпауды, ешбір адамды бір сағатқа болсын бостандығынан айырмауды бұйырады. Есесіне қадағалау, ұрлықтың алдын алу, фабрика мүлкін қызметі үшін күшейтілген шаралар қолға алынады. Ол жұмыскерлерге төленетін күндіз ақыны өсіріп, жұмыс күнінің ұзақтығын 16 сағаттан 10,5 сағатқа дейін азайтады. 10 жасқа жетпеген балаларға фабрикада жұмыс істеуге тыйым салынып, 4 жастан бастап мектепке бару міндеттеледі. Балалар үшін ол би, ойын және гимнастика залдары бар ғажап ғимарат салады. Онда ересек балаларды оқу мен жазудан басқа музыка мен ән салуға да баулиды. Тәрбиелеу ешқандай жазалау шараларынсыз жүргізіледі. Ересектер үшін кітапхана мен кешкі курстар ашылады. Мереке сайын концерттер мен би ұйымдастырылып тұрады. Қоғамдық дүкендер жұмыскерлерге сапалы тауарларды базарға қарағанда 20% арзанға ұсынады, тағам қоғамдық асханаларда даярланады. Фабриканың өзінің докторы болды. Жұмыскерлер еңбекақысының 1/60 үлесін сырақаттар мен қарттарға көмек беретін қорға құятын.

Осындай жаңалықтардың арқасында маскүнемдік жойылып, түрлі ұрыс-керістер, оның ішінде, діни негіздегі тартыстар тыйылады. 16 жылдың ішінде фабрикада бірде-бір қылмыс болмайды. Сөйтіп, бұл мекен материалдық бақуаттылықпен бірге мамыражай, бақытты өмір орнаған, бұрын

өзімшіл болған адамдары ынтымақтастық сезіміне беріліп, ортақ игілік үшін құлшына күресетін, жанашырлық танытатын пұшпаққа айналады.

Осыдан он жылдай уақыт бұрын Балқаш қаласындағы бір колледждің сырттай білім алушыларына еңбек құқығы бойынша дәріс оқыдым. Артынша емихан алдым. Жұмыс күнінің ұзақтығы қанша десем, ешқайсысы 8 сағат дегенді аузына алмайды. Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, бәрі 12-14 сағат дейді. Еңбек заңнамасын сол кездегі еңбек заңнамасын ашып тұрып көрсетем. Сөйтсем, бізде заң өзінше, адамдар өзінше өмір сүреді екен. Жаңағы емихан тапсырушылардың ересектері, жастауларының әке-шешелері 12-14 сағаттық ауысыммен не вахталық әдіспен жұмыс істейді екен. Таң аздаң кетіп, түн ауганда келіп қалайды екен. Адам баласы естігеніне емес, көргеніне сенеді ғой. Содан жас ұрпақтың санасында жұмыс уақыты кем дегенде 12-14 сағат болуы тиіс деген түсінік терең қалыптасқан екен.

Міне, өмір деген – осы. Кітап (теория, заң) арқылы қарасаңыз, бір картина, кабинет терезесінен – басқаша, ал, шындығында мүлде өзгеше болмыс шығады.

«Көңілсіз құлақ – ойға олақ» деп Абай хакім айтқандай, біреудің айтқанына назар аударып, құлақ қоя біл, әр сөзін ұға біл, іштей баға бер. Кемшілігін өзінде, пайдалы дөңегін тап, тап та іске асыр. Шындықтың картинасы біртұтас емес. Шындық – шыны тәрізді морт. Бір кезде сынып кеткен болуы керек. Сынықтары шашылып түскен. Соны жинақтап алған жөн. Оның бір қыры біреудің аузында, енді бір қыры кітапта, тағы бір қыры кабинеттерде, қаптаған ақпараттың астында, енді бірі көз алдында. Жинақтап, біріктіру, легонның паздарын құрастырғандай, қазақы құрақ көрпені құрағандай тұтас дүниесі жасау, біріктіру – сенің өз міндетің.

Біл, сен және көрсете ал немесе Билл Гейтс, Юн-Фу, Нұрхан, Мұратхан, Жәнібек

Келесі мысалдар бүгінгі күннен алынған. Билл Гейтстің командасы көптеген жылдарға созылған ізденістер нәтижесінде ешбір көріздік жүйені, суды қажет етпейтін унитаз ойлап тауыпты. Билл Гейтстің осы зерттеулер үшін қыруар қаржы бөліп, көптеген адамдарды бірнеше жыл бойы бір мақсатта жұмыс істеуге жұмылдырғаны – жеке әңгіме. Бұл жерде таңқалдыратыны – әлемдегі ең бай адамның жеке адам үшін де, бүкіл адамзат пен Жер-Ана үшін де бірдей аса маңызды мәселені тап басып тауып, соны шешуге кіріскені. Бұл шаруа жеке имиджі үшін істемегені аян. Міне, осыны адамның да, жалпы адамзаттың, айнала ортаны сақтаудың тамаша үлгісі ретінде дәріптеуге, үлгі алуға болады. Әрине, Билл Гейтс үшін мұндай жұмыстар жасау түкке тұрмайды деуге болар. Алайда, ол әлемдегі жалғыз бай емес қой. Әлемді айтпағанда, Қазақстанның өзінде қаншама олигарх бар. Солардың қайсысы ешбір имидждік айқай-шұбыс осындай нақты жобаны қолға алып, жүзеге асырып жатыр?! Естігендеріңіз бар ма?

Келесі мысалдар бай емес, керісінше кедей деген адамдардың өзінін жеке ұмтылыстарының көптеген адамның өмірін өзгертуге қауқарлы екенін көрсетеді. 1962 жылы Сейшельдегі 480-300 метрлік елісі аралын салып алған Брендон Гримшоу аралға тұрақты мекендеп, Рене Лафортуннің көмегімен шөл басқан жерді 40 жылға баққа айналдырды, 1980-2020 жж. Джада Пайнгтін еңбегі арқасында Үндістанның Брахмапутра өзенінің тасқынын шайған бір жағалауында ну орман пайда болды. 1979-жылғы тасқын кезінде ол 16 жаста еді. Қазір «Орман адамы» қарсы жағалауға кіріскен.

Қытайдың тау арасындағы бір шағын ауыл тұрғындары тіршіліктері үшін күн сайын не айналма жолмен жүруге, не биік құзға өрмелеуге мәжбүр болыпты. Оқушылар, әйелдер, қарттар құздан құлап қайтыс болып жатады. Бірақ үкімет жол салмайды. Кезекті бір қайғылы оқиғадан кейін бір тұрғын өзінің бүкіл тұрмысын төте де қауіпсіз жол ашуға арнайды. Ақыры мақсатына жетеді. Қазір сол жол баршаның игілігіне қызмет істеп тұр. Сөйтіп, биліктің қолынан келсе де, ойына келмеген шаруаны сөйтіп бір адам жүзеге асырған.

96 жастағы Юн-Фу (Huang Yung-Fu) деген қарт адам Тайвань үкіметінің Нантунь ауданындағы Тайчжун елді мекенін сүріп тастамақ болған шешімін өзгертуге мәжбүр етті. Ол елді мекендегі үйлерді, көшелерді, жолдарды, көшені неше түрлі суреттермен безендіріп, өзінің туған ауылын шартараптан туристер ағылып келетін әсем мекенге айналдырған. Соның нәтижесінде билік шешімін өзгертуге мәжбүр болған.



Жабандану жағдайында әлемнің бір пұшпағында жүзеге асқан жоба оның басқа да түпкірлеріне таралуы тиістігі күмән туғызбайды. Оуэнге қайта оралсақ, оның бір бойында кәсіпкерлік пен педагогтік қасиеттер қатар ұштасқаны ғажап. Оуэннің педагогикалық идеяларына саяси астар бермей, таза күйінде алса, бүгінгі күннің сұраныстарын шешуге де жарайтынын аңғаруға болады. Сонау XIX ғасырда өзінің оң жемісін берген идеяларды бүгінгі күні Қазақстанда жаңғыртатын энтузиаст жоқ деуге болмайды.

Мысалы, Абай тігін фабрикасына жаңа тыныс беру жолында Нұрхан Жұмабеков жүзеге асырып жатқан игілікті істер Роберт Оуэннің идеяларынан бастау алып, оны жаңа заманда жаңғыртып жатқандай. Нұрхан – математик, заңгер, кәсіпкер, іскер, өндіріс басшысы. Өзіне-өзі жол салып жүрген азамат. Абай тігін фабрикасы осыдан 35 жыл бұрын облысымыздың ірі-ірі деген кәсіпорындарынан да көп салық төлеп отырыпты. Одан кейін мүлде жабылған. Бүгінде «Абай тігін фабрикасы» қирандыдан қайта көтеріліп келе жатыр. Жұмысшылары негізінен – қыз-келіншектер. Бостандығынан айыру мекемесінен босап, түзу жолға түскен азамат та бар. «Абай фабрикасы» жоқтан бар жасауда. Нұрхан үшін негіз басты мақсат емес, адамдардың көңіл күйі, бүгінгі жағдайы, ертеңге деген сенімі.

2021 жылы ақын Мұратхан Шоқан «Үздік 30 ауыл» деген үлкен жобаны жүзеге асырды. Ол жергілікті билік пен қоғам белсенділерінің пікірін ескере отырып, Қазақстанның сол кездегі 14 облысының әрбірін екіден, соның ішінде Алматы мен Қарағанды облыстарынан 3 ауылдан іріктеп алды. Бұл жобаға Қарағанды облысынан Шахтер, Қайнар, Ералиев ауылдары ілікті (ол кезде Ұлытау облысы әлі бөлінбеген). Іріктеу өлшемінде ауылдардың тек экономикалық көрсеткіштері емес, әлеуметтік-мәдени, рухани қырлары алынды. Сол жылғы 16 қазанда Астанада мемлекет пен қоғам қайраткерлері, облыс, аудан басшылары, 30 ауылдың әкімдері мен өкілдері қатысқан үлкен қорытынды жиын болды. Сонда кейбір әкімдер елімізде соншалық ілгерілеген мекендердің бар екендігіне сенер-сенбесін білмегеніне күе болдым. Алайда, фото, бейне және басқа да дәлелдер жеткілікті еді. Демек, біз өз жетістіктерімізді өзіміз білмейміз, өз күшімізге өзіміз сенбейміз. Барды көрсете алу да – өнер. Мұратхан соны істеді. Мемлекет қызметшілері мен небір жоба менеджерлерінің ойына келмеген істі ақын жүзеге асырды. «Әуелде сөз болған!» деп бекер айтылмаса керек.

Мұратханның бұл жобасы бір сәттік іс емес еді. Ол өзінің жалғасын табуда. Маңғыстау облысында Оңды деген ауыл бар. Үш жыл бұрын «Үздік 30 ауыл» қатарына енген. Сол ауылдың тұрғыны Жәнібек Қожықтың бастамасымен ауылдан екі шақырым жердегі Қаратау тауының етегі орманға айналмақ. Ол үшін Оңды ауылының қасынан 100 гектар жерді қоршап, скважина қазып, жеміс ағаштары мен бірге халық жыл бойы тұтынатын бақша өнімдерін егуді, соларды өңдейтін цехтар ашу жоспарланған. Басты мақсат – жұмыссыздықты азайту, кәсіпкерлікті дамыту, Маңғыстауда азық-түлік өнімдерінің бағасын түсіру, ауылды сақтап қалу.

Бүгінгі күні 1000 жеміс (алма, өрік, слива) ағашы отырғызылған. Қалған ағаштар күзде егілмек. Сөтін салса, Жәнібек Қожық екеуіміз бұл туралы таратып жазбақшымыз. «Оңды бағы» – ауыл халқының бағы болғай!» деп отырған жағдай бар.

Қазақстанда үлкенді-кішілі түрлі ауқымдағы осындай жобалар аз болмаса керек. Қанша күшті, ғажап болса да, жеке-кеген жобалардың ауқымы мардымсыз болады. Үкімет пен жергілікті атқарушы биліктің миссиясы сондай жобаларды баршаға қолжетерлік етуге жағдай жасау болар. Білу керек, сену керек және көрсете алу керек!

Мәселені оңтайлы шеш

Қазақстанда да жеке де жанкешті еңбегімен ел мен жерді көгертіп жүрген адамдар баршылық. Алайда, соларды көпшіліктің назарына ұсынып, дәріптеу жетіспейді. Бізде керісінше, кезінде гүлденіп тұрған бақтарды сырып тастап, орнына жеке қоттеждер не басқадай ғимараттар салудан алға жан салмаймыз. Кезінде Алматының маңындағы алма бақтарын солай құрттық, Қарағандының нақ ортасындағы ботаникалық бақтың аумағын базбіреулер қайшымен қиғандай бөлісіп алды.

Грузия билігі 600 мыңнан астам адамның банкротке қарызын жашты. Үкіметі осы арқылы адамдардың экономикалық құлшынысын арттырып, экономикалық реформаларға жаңа серпін беруді ойлады. Біздің билікке де осы бағытта ойлану, нақты қадамдар жасауға ұмтылу артық болмас еді. Өйткені, Қазақстанның да әлеуметтік-экономикалық жүйесі түбегейлі реформаларға мұқтаж. Біздің елдің банкроті адамды еріксіз қызықтыратын, сырттай қарағанда адамға тиімді, оның әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын түзеуге көмектесетін әріптестік ұсынады. Шын мәнінде олар тек өз мүддесін ойлайды. Осының салдарынан жұрттың басым бөлігі кредиттік құрауды түшынбеген. Бұл тұтастай алғанда, елдің экономикасының дамуына да кері әсер етеді. Сол себебіті, Қазақстан Үкіметі банк жүйесінің әділетсіз, қанаушы әрекеттеріне тосқауыл қоюы тиіс. Бұл да әлеуметтік-еңбектік қатынастарды реттеуге тікелей қатысты.

Көлік өндіріс мен саудасы саласындағы утильдік алым және алғашқы тіркеу мәселесі де түптеп келгенде адамның еңбегін бағалауға тіреледі. Бұл мәселе бойынша да ақылға қонымды шешім керек. Біз қазір қолда барды өткенмен өлшеуден, мәселен, кеше ғана көз алдымыздан сұралып дауылдай болып өткен 90-жылдардың тұрғысынан салыстырып қараудан шығуымыз керек. Иә, сол кездің қиындығынан ешбір соғыссыз, атыс-шабыссыз гиперинфляция, гипержұмыссыздық, гиперуазу, гипертозу жағдайына түстік, бастан кештік. Жаратқан сөтін салды, өзіміз де қарекет жасадық, әйтеуір аман-есен шықтық дей бергенде біздің елде түрлі шиеленістер орын алды. Солардан әуірімізде шығып, ештеңе етпей келеміз. Бұл – бөлек талқылайтын тақырып.

Әлемде ғылыми-техникалық прогрестің даму қарқыны адам сенгісіз. Бұл прогрестің бізге қатысы қалай? Ғылыми-техникалық прогрестің нәтижелері адам игілігіне қызмет етпесе, оның құны – көк тын. Сол сияқты дамыған бәлен елдің қатарына қосылу да қандай да бір формальды мақсат емес. Сол арқылы, соның нәтижесінде біз әрбір қарапайым қазақстандықтың жеке жағдайының сол елдердегі әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени, тұрмыстық деңгейге жетуін күтуіміз заңды.

Осыдан сәл бұрын биік мақсат ретінде қойылған межелер аз уақытта ескіріп қалуда. Заманалық психология мен менеджмент құндылықтар өзгермеуі тиіс, ал мақсаттар мен жоспарлар жағдайға сай икемделе шұғыл өзгерілуі тиіс дейді. Кеше ғана алынбас болып көрінген қамалдар, бүгінде артта бұлдырайды, немесе мүлде маңызын жойған. Олардың орнына әлем жаңа қатерлер мен қауіптерге жауап іздеуде. Соңғы бірнеше жылда геосаяси жағдай, жаһандық климат күрт өзгеріске түсті. Өзгерістердің қарқыны, тіпті, орасан. Бұл өзгерістер мен оларға жауап қарекет туралы әңгіме бөлек болмақ.

Біз бүгінгі күні XXI ғасырдың алғашқы ширегін еңсеріп тастағанмызды да онша сезе бермейміз. Бір кезде бұл заманға жетсек, барша арман орындалып қалатындай көрінетін. Бүгінгі күндердің күйбеңді тұрғысынан қарағанда, өткен күндердің қиыншылықтары мен ауыртпалықтары ұмытылып, есімізге сол кезеңнің тек жақсылықтары ғана түсетіні де рас.

Тақырыпты қорытсақ, әлеуметтік-еңбектік қатынастар – адам туғаннан оның бұл фәнидегі өмірінің соңына дейін жалғасатын қатынастардың кең көлемді жүйесі. Математиканы дамытудың заңдылықтары математиканың өз аясынан тысқары жатыр деген тұжырым бар. Сол сияқты еңбек қатынастарын, әсіресе, әлеуметтік-еңбектік қатынастарын дамытамыз десек, мәселеге неғұрлым әріден, мейлінше тереңнен, барынша кеңірек қарауды қамтамасыз етуіміз керек. Сол сияқты әлеуметтік-еңбектік қатынастарды кешенді түрде шешу үшін психология, педагогика, нейрофизиология, физиология, медицина, санитария-гигиена, экономика, қаржы, заң, сәулет, құрылыс, инженерия, өндіріс, қауіпсіздік, дизайн, менеджмент, кәсіподақ, бітімгерлік (медиация), жалдамалы жұмыс және т.б. салалардың жоғары білікті мамандары – бәрі бірдей жұмылуы керек. Олар мақсатты, жоспарлы, кешенді жұмыс атқаруы қажет. Баршасының назар аударатын ең әуелгі және ортақ мәселесі адам проблемасы болуы тиіс. Өкінішке қарай, бүгінгі таңда ол мүмкін болмай отыр. Өйткені қоғам әлеуметтік-еңбектік қатынастарды реттеу мәселесіне тек құқықтық, ұйымдастырушылық, бітімгерлік тұрғыдан қарайды.

«Енді не істейміз?» деген дәстүрлі сұрақ бар. Біріншіден, бүгінгі таңдағы әлеуметтік-еңбектік қатынастар аясында адамды тек еңбек етуші, жалданушы, белгілі бір функцияларды атқарушы, тұтынушы, сұраушы тұрғысынан қарау ескілікті көзқарас екенін ұғыну, соған сәйкес қолданыстағы парадигманы өзгерту қажет. Екіншіден, қызметкерге «экономикалық адам» тұжырымдамасы аясындағы функционалды, технократтық тұрғыдан қараудан түбегейлі бас тарту қажет. Оның орнына «әлеуметтік адам» тұжырымдамасы аясындағы тұлғалық көзқарасқа ауысқан жөн. Үшіншіден, әуелгі көзқарас «жұмыс күші», «еңбек ресурстары», «кадрлар», «персонал» терминдерін көрініс тапса, ал, кейінгісі – «адам ресурстары» терминін көрініс табады. Соған орай, осы лексиканы да түзеу керек. Төртіншіден, қызметкерлердің мүдделерін түрлі алаңдарда білдіретін кәсіподақтық және өзге де ұйымдардың миссиясы «әлеуметтік адам» тұжырымдамасының мәні мен мазмұнын мейлінше толық ашуға тірелуі тиіс. Бесіншіден, егер бұған дейінгі экономикалық және әлеуметтік-еңбектік қатынастарда біз дәстүрлі түрде конфронтация, жарысу, ынтымақтастық, субсидиялық және басқа қатынастарға сүйеніп келсек, ендігі жерде оларды сенім, өзара көмек, тең әріптестік, өзара жауапкерлік қатынастармен толықтыруға тиіспіз; Алтыншыдан, біз индивид – компания – қоғам үштігінде өзара тең, ерікті әріптестік, жанжалсыз, әділ, өзара көмек, өзара жауапкерлік қатынастарына негізделетін, тек заңға ғана емес, адамдық сенімге сүйенетін жаңа моральдық міндеттемелер жүктейтін келісімдер жасауға іштей де, сырттай да дайын болып, күшімізді соған жетуге жұмсауымыз керек.

Бұл мақалада «керек» деген сөз көп айтылды. Ғалым Есет Есенғараев ағамыз «керек» деген сөзді дамымаған қоғам көп айтады дейді. Мен де сол рас-ау деген ойдамын.

Кезінде осы сөзді Алаш қайраткерлері қадап айтып кеткен-тін. Олар айтса айтқандай еді. Сол кездегі қазақ қоғамы қандай еді? Біз қазір қандаймыз? Тұрған, болған орнымыздан қаншалықты алға жылжыдық?

Бізге тағы не керек?! Әлде әркім өзі біле ме?..

Болат СЫЗДЫҚ,
заң ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

(Соңы. Басы газеттің №76, 79 сандарында)

Қарағандыдан Парижге: үміт пен күдік

Ертең Франция астанасы Парижде әлем жұртшылығы асыға күткен отыз үшінші жазғы Олимпиада ойындары басталмақ. Бұл бәсекеге Қарағанды облысынан 3 спортшы аттанды. Батутты гимнастикадан – Данил Мусабаев, жеңіл атлетикадан – Давид Эфремов, жүзуден – Ксения Игнатова. Ал, параолимпиадада ядролықтан – Дастан Мұқашбеков, дзюдодан – Даяна Федосова ел намысын қорғайды. Осы бесудің тілеуін тілеп, тақымымызды қысамыз. Дегенмен, өкініш те жоқ емес. Парижде өзіндік бөкс мектебі қалыптасты деп мойындалған облысымыздан бірде-бір бөкс спортшының жанкүйерлері де осы мәселеге назар аударып отыр. Ұлттық құраманың сапындағы қарағандылық спортшылардың есіл еңбекпен келген бабы медальға жеткізе ме, кімнен не күтеміз? Олимпиадаға аттанған ұлттық құраманың сапында неге былғары қолғап шеберлеріміз жоқ?



Серік Сәпиевтің Лондон Олимпиадасының шыңына шыққан сәті

тың бөксшыларымыз көп. Өкінішке қарай, уақыт ешкімнің қас-қабағына қарамайды. Жылдар жылжып, өзіне тиесіліні алады. Сол чемпиондарды баптаған бапкерлер зейнетке шықты, көбі өмірден озды. Ал, спортшылар мансабын аяқтады. Ендігі міндет – жаңа толқынды тәрбиелеу. Ал, бұл – оңай шаруа емес, – деді Темірхан Абылаев.

Дикандарда бір жыл жемісті, бір жыл қуаңшылық болады. Бұл – табиғатта болып тұратын құбылыс. Бірнеше жыл қатарынан мол өнім жинау мүмкін емес. Қазақ осындайда «бұйырғаны» деп барға қанағат қылады. Спортта да дәл солай. Кез келген мемлекеттің ұлттық құрамасында болып тұратын жағдай. Медальсыз жылдар айналып соқпай қоймайды. Мұндайды спорт журналистері мен сарапшылары «қуаңшылық» деп жатады. Мәселен, статистикаға көз тастасак, 2018-2020 жылдар

аралығында жастар мен жасөспірімдер арасында облысымыздан ешқандай бөксшы жарқырап шықпаған екен. Резерв те болмапты. 2019 жылы жасөспірімдер санатында 2 шәкірт көзге түскен. Бірақ, екі бөксшыны олимпиадалық резерв деп атауға келмейді. Екі бөксшы олимпиаданы былай қойғанда, құрлықтық додандан әрі аса алмай қалуы бек мүмкін.

2021 жылдан бастап жағдай оңалғандай. Сол жылы екі бөксшы өздерін дәлелдей алыпты. Ал, 2022 жылы резервке лайықты деген спортшылардың саны жетеуіге жеткен. 2023 жылы он, ал, биыл олимпиадалық резервке лайық деп танылғандардың саны жетеуі. Өсім байқалады. Облыстық спорт саласының мамандары дәл осы спортшылар 2028 жылғы Олимпиадаға үмітті деп отыр. Жетеуден бөлек, жасөспірімдер арасындағы халықаралық деңгейдегі түрлі додалардан, Азия және Әлем чемпионаттарында алтын, күміс, қола медаль алған 40 бөксшымыз бар екен. Кейінгі 4 жылда 29 медальді қанжығалаған. Бұлардың арасынан да болашақ Олимпиада жолдамасының иегерлері қара үзіп шығып, резервтің тізімі көбеюі әбден ықтимал. Алда әлі 4 жыл бар.

Спорт түрлері		2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024
	Жастар					2	7	4	6
	Жасөспірімдер	1		2			1	6	1
	Жастар	1							
	Жасөспірімдер							2	

аралығында жастар мен жасөспірімдер арасында облысымыздан ешқандай бөксшы жарқырап шықпаған екен. Резерв те болмапты. 2019 жылы жасөспірімдер санатында 2 шәкірт көзге түскен. Бірақ, екі бөксшыны олимпиадалық резерв деп атауға келмейді. Екі бөксшы олимпиаданы былай қойғанда, құрлықтық додандан әрі аса алмай қалуы бек мүмкін.

2021 жылдан бастап жағдай оңалғандай. Сол жылы екі бөксшы өздерін дәлелдей алыпты. Ал, 2022 жылы резервке лайықты деген спортшылардың саны жетеуіге жеткен. 2023 жылы он, ал, биыл олимпиадалық резервке лайық деп танылғандардың саны жетеуі. Өсім байқалады. Облыстық спорт саласының мамандары дәл осы спортшылар 2028 жылғы Олимпиадаға үмітті деп отыр. Жетеуден бөлек, жасөспірімдер арасындағы халықаралық деңгейдегі түрлі додалардан, Азия және Әлем чемпионаттарында алтын, күміс, қола медаль алған 40 бөксшымыз бар екен. Кейінгі 4 жылда 29 медальді қанжығалаған. Бұлардың арасынан да болашақ Олимпиада жолдамасының иегерлері қара үзіп шығып, резервтің тізімі көбеюі әбден ықтимал. Алда әлі 4 жыл бар.

Осы тізімге кәсіпқой спортшы ретінде қалыптасқан, тәжірибесі мол Абылайхан Жүсіпов те енуі мүмкін. Өйткені, Абылайхан Жүсіпов әуесқой бөксқа қайта оралатынын мәлімдеді. Облыстық спорт және дене шынықтыру басқармасының мамандары Абылайхан Жүсіпов нақты Олимпи-

Спорттық мансабында әжептәуір жетістікке жеткен Жансай Смағұлов, Ислам Бозбаев та қатарда жоқ. Олар келесі Олимпиадаға қатысуы егіталай. Себебі, Жансай Смағұлов биыл 32 жаста. Ал, Ислам Бозбаев отыз үште. Облыстық спорт және дене шынықтыру басқармасы олимпиадалық резервтен үмітті жастар шығып келе жатқанын айтты. Мәселен, Аяулым Қайрат Ташкентте өткен жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында қола медаль алды. Сонымен қатар, ол былтыр 52 келі салмақ дәрежесінде Қазақстан чемпионатында топ жарды. Жасы биыл он сегізде. Азия чемпионатында Санжар Еруланұлы да III орыннан көрінді. Жасы он жетіде. Екі жыл қатарынан (2023-2024 ж) Қазақстан чемпионы болды. Дзюдодан бөлек еркін және грек-рим күресінен олимпиадалық резерв жоқтың қасы екен. Өңірде менмұндалайтын таланттар табылмай жатыр. Бұл да көкейді тескен өткір проблема.

Зіл теміршілеріміз Артем Андропов пен Любовь Ковалюк олимпиада медалінен үмітті еді. Екеуі де әлем чемпионатында жеңіс тұғырына көтерілген. Әлем мықтыларын мойындатқан қос спортшымыз түгелі Қазақстанның ауыр атлетілерінің түгелін олимпиадалан ашақтатты. Бұл – допинг дауына байланысты қабылданған шешім екен.

Әуелде облыстан Париж Олимпиадасына 19 спортшымыз үмітті болыпты. Қатарда жоғарыда атап өткен Жансай Смағұлов пен Ислам Бозбаев бар. Әйелдер



арасындағы еркін күрестен – Эльмира Сыздықова, көркем жүзуден – Этери Какутия, Ясмин Тұякова, Наргиз Болатова, Арина Пушкина, Ксения Макарова, батутты гимнастикадан – Данил Мусабаев, Байдарка мен каноэде есуден – Дарья Петрова мен Кирилл Тубаев, семсерлесуден – Артем Саркисян, грек-рим күресінен – Алмат Көбіспаев, ерлер арасындағы еркін күрестен – Әділ Оспанов, жеңіл атлетикадан – Давид Эфремов пен Аделина Земс, жүзуден – Ксения Игнатова, үстел теннисінен – Алан Құрманғалиев, оқ атудан – Ольга Аксенова.

Спорт мамандары Данил Мусабаевқа зор үміт артып отыр. Ол Олимпиадаға алғаш рет қатыспақ. Лецензия үшін таласта былтырғы және былғы рейтингі жоғары әлем кубогтарына қатысып, халықаралық гимнастика федерациясы жерлесімізді үздік 16 спортшының қатарына енгізді. Әлем кубогында Данил Мусабаев жеке және синхронды секіруден екі алтынды қоржынға салған еді. Сонымен қатар, ол былтыр Азия ойындарында күміс тағынды.

Өткенге көз жүгіртейік. 1996 жылы өткен Атлантадағы жазғы Олимпиада ойындарына Қазақстаннан 96 спортшы барыпты. Соның оны Қарағанды облысынан шыққан. Ал, 2000 жылы Сиднейге 130 спортшы аттанған. Соның он үші – Қарағандыдан. Афинаға аттанған 119 сандықтың он екісі, Пекинде тартысқа түскен 132 спортшының он бесі, Лон-

дондағы 115 спортшының он бірі, Риоде-Жанейродағы 104 спортшының он бірі, Токиодағы 93 спортшының жетеуі Арқа жерінен. 1996 жылдан биылға дейін Олимпиадаларға Қарағанды облысынан жалпы саны 82 спортшы барыпты. Осы дерекке қарап отырып, Қарағанды облысының ғана емес, бүтін ұлттық құрамада құлдырау болып жатқанын байқауға болады. Кері кету 2008 жылдан басталған.


«Ауруын жасырған өледі» деген нақыл бар. Облыс спортындағы тағы бір өткір мәселені ашып айтқан жөн. Қарағандыда бөкс орталығы әлі жоқ. Ал, көбіміз білетін Нұркен Әбдіров атындағы спорт кешені мен Серік Сәпиев атындағы бөкс орталығында кешенді жаттығу жиындарын өткізуге жағдай жасалмаған. Тек жаттығу залдары ғана жабықталған. Серік Сәпиев атындағы ғимарат салтанатты шаралардан арылмайтыны тағы бар. Мәдени ойын-сауық кешеніне айналды. Бұл нысанның жекеменшік иелігінде екенін атап өткен жөн. Басқарма басшысы бұл мәселеге де тоқталды.

– Таланттар мен оларды баптайтын білікті бапкерлер хақында айттық. Чемпиондарды тәрбиелеу үшін заман талабына сай спорттық инфрақұрылым керек. Бұл да өте маңызды. Мәселен, бізде кәсіби жүзушілер жаттығатын бассейн жоқ. Проблема осы уақытқа дейін көтеріліп келеді. Парижде аттанған Ксения Игнатова Олимпиада алдындағы оқу-жаттығу жиындарын балаларға арналған бассейнде өткізді. Облыстағы спорттық инфрақұрылымның жағдайын осы бір ғана мысалмен сипаттап беруге болады. Бірақ, бұның бәрін аз уақыт ішінде реттеп тастау мүмкін емес екенін түсінуіміз керек. Себебі, өте ауқымды жұмыс. Қыуар қаражат қажет. Кемшіліктің орнын толтыру үшін басқарма тарапынан тиісті шаралар атқарылып жатыр, – деді Темірхан Абылаев.

Кейінгі төрт жылда облыс аумағындағы қалалар мен аудандарда 23 спорттық нысан бой көтеріпті. Өңірдегі ірі кәсіпкерлердің демеушілігімен екі теннис орталығы салынды. Бұл ғимараттар болашаққа жасалған инвестиция екені анық. Инвестиция нәтижені ұзақ күттірмеді. Үстел теннисінен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында Алан Құрманғалиев жүлделі болды. Ол ТМД елдерінен шыққан тұңғыш чемпион болып, тарихта қалды. Әмір Омарханов болса, жасөспірімдер арасында әлемдік рейтингтің 12-ші сатысына жайғасты. Облыс спортына жауаптылардың сөзінше, өңірдегі таланттардың жүлдызын жағу мақсатында өзге аймақтардан, тіпті, шетелдерден білікті бапкерлер тартылып жатыр екен.



Данил Мусабаев
13.09.1998 ж.
Батутты гимнастикадан халықаралық дәрежедегі спорт шебері



Давид Эфремов
15.01.1999 ж.
Жеңіл атлетикадан халықаралық дәрежедегі спорт шебері



Ксения Игнатова
02.08.2005 ж.
Жүзуден халықаралық дәрежедегі спорт шебері



Дастан Мұқашбеков
31.05.1990 ж.
Пара жеңіл атлетикадан халықаралық дәрежедегі спорт шебері



Даяна Федосова
13.07.2001 ж.
Пара дзюдодан халықаралық дәрежедегі спорт шебері

Суреттер облыстық спорт және дене шынықтыру басқармасынан



Жансай Смағұлов



Ислам Бозбаев

Суреттер облыстық спорт және дене шынықтыру басқармасынан



• ТАҒЫМ

Жолкен аға жадымда

Мен 1952 жылдың 7 қаңтарында қазіргі Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданының Ленин атындағы ұжымшарында (қазіргі Ақтау ауылдық округінде) дүниеге келіппін. Бұл жерлер патша заманында Ақмола уезі Асанқайғы болысының аумағына кіріп, мұнда Арғын – Қуандық руы мен қазақ ішіне сіңіп, өсіп-өнген біздің Қырғыз атасының балалары жайлап, мекендепті. Ұзындығы – 20, ені 10 шақырым болатын Ақтаудың сілемдері Жекетау, Қызылтас, Өгізтау, Айдаһарлы, Алшағырдың баурайларындағы кең қоныс, шұрайлы жайылым, бұлақтары мол Хансайы, Жылысай, Отаутас және ағып жатқан Сарысу, Темір өзендері олардың ешқайсына таршылық жасамай, бәріне жеткен екен.

Ата-анам Тәжікей (1898-1982 жылдары) мен Қымқаның (1914-1972 жылдары) шаңырағындағы 8 баланың ең кенжесі болып өмірге келген менің алаңсыз балалық шағым осы өңірде өтті. Осында ес біліп, етек жинап, асыр салып ойнап, өзім қатар құрдастарыммен бірге мектеп бітіріп, азамат атандым.

Марқұм әке-шешем Кеңес өкіметі орнаған кезден бастап, Жаңаарқа ауданында алғаш құрылған Үлгілі ұжымшарында әкей басқарма төрағасы, одан кейінгі Ленин атындағы ұжымшардың бірінші бөлімшесінде шопан болған қарапайым еңбек адамдары еді. Оның 4 бөлімшесі және орталығы Айшырақ ауылы болды. Біздің үй жаз шыға, Исабек басы деген қыстағымыздан жайлауға көшетінбіз. Сол 1950 жылдардағы жағдайдың өзі адам айтқысыз. Бөлімше басында салынып жатқан құрылыс жоқ. Елдің бәрі саман үйлерде тұратын. Бүгінгідей электр жарығын көрмейтінбіз. Үш бөлімшеде бастауыш мектеп, ал 10 жылдық мектеп Айшырақта болды. Соған жан-жақтан барған 40 бала бір бөлмелі интернатта жатып оқитынбыз. Бұл мектептің алғашқы директоры Әбдікәрім Омаров болып, сондағы 200-ден астам балаға Оспан Жәнібеков, Еренғайып Отарбаев, Зейнолла Рүстемов, Төлепбек Құлпейсов, Жапап Маханов, Әбсалма Төкешов сияқты мұғалімдер сабақ берді. Ол 1963 жылы аудан орталығындағы В.Ленин атындағы мектептің филиалы болып қайта құрылып, 1964 жылы кеңшар құрылуына байланысты орта мектеп атанып, келесі 1965 жылы оны 15 бала

бітіріп шыққан.

Сол 1964 жылы ұжымшарлар ірілендіріліп, олардың орнына кеңшарлар құрыла бастаған мезгілде жайлаудағы біздің үйге Жолкен Әлмағанбетұлы Дүйсенов ат басын тіреді. Астына мінгені – «Газ-69» маркалы «бобик» көлігі. Ол өзі бізбен аталас ағайын және әкейді ертеден білетін, тонның ішкі бауындай араласқан адам екен. Тіпті, 1930 жылдардағы ашаршылық уақытында әке-шешесінен жетім қалған осы Жолкен ағайынның біздің Жолшыбекке әкей марқұм қолдан келгенше көп көмектескен көрінеді. Содан 1945 жылы Ұлы Отан соғысынан оралғанда бір сокқан екен. Оның бұл жолғы келісі сәлем беріп, болашақ кеңшар жайын ақылдасу екенін ескертті өзі. Оған әке-шешем де қатты қуанып, қойын сойып, қол қусырып күтіп, біраз өңгіменің басы қайырылды. Ал, 2 күннен кейін қайтып келгенде, Жолкен ағамыз кеңшар орталығын біздің қыстақтың түбіндегі Ақтобеге орналастырып, атын «Ақтау» қоятынын, біздің қыстақта үш жаңа үй мен баз салдыратынын айтып кетті.

Бала да болсам, сөйлеген сөзі мен отырыс-тұрысынан оның істің адамы, өмір көріп, шындалған басшы екені байқалып тұрды. Кейіннен өмірбаянына қаныққанымдай, 1925 жылы жоғарыда айтылған Асанқайғы болысында туып, жетімдік тақсиретін тартқан ол он сегізінде Отан қорғауға аттанып, I дәрежелі «Отан соғысы» ордені мен Бас қолбасшы И.Сталиннің Алғыс хатын, бірнеше жауынгерлік медаль алып,



аман-сау елге оралады. От пен оқтың ортасынан келген майдангер жігіт бірден қызметке араласып, Атасу, Талдыбұлақ ауылдық кеңестерінің хатшысы (1946-1953 жылдары) болып, Жаңаарқа аудандық жоспарлау комиссиясын (1953-1956 жылдары) басқарады. Бұл елімізде 1954 жылдан бастап, тың жерлерді игеру кезеңі еді. Бірыңғай мал өсірумен айналысатын Жаңаарқа ауданында да бұл науқан қарқын алып, 1956 жылы Жолкен Әлмағанбетұлы Карл Маркс атындағы ұжымшардың басқарма төрағалығына сайланып, ол бұл қызметті 1962 жылға дейін мінсіз атқарады. Сол 6 жылдың ішінде ол ұжымшардағы 7 мың қойдың 33 мың басқа, 100 жылқыны 2 мың басқа жеткізіп, түйе түлігінің санын өсіруге, ел-жұрттың әл-ауқатын арттыруға көп күш салып, жаңадан құрылған «Жеңіс» кеңшары партия ұйымының хатшысы (1962-1964 жылдары) болып сайланады. Онда да өзіне жүктелген міндетті абыроймен орындап, енді біздің аймақта кеңшар құрып, басқаруға жіберілген шағы.

Айтқандай-ақ, Жолкен ағамыз сөзінде тұрды. Сол жазда біздің қыстаққа салып берген үш жаңа үй мен базды көріп, қатты риза болдық. Ол – ол ма, жаңадан

құрылған «Ақтау» кеңшарына жан-жақтан білікті мамандар ағылып келіп, Орталық пен бөлімшелерде тұрғын үйлер, клуб, аурухана, кітапхана салынып, электр, телефон желілері тартылып, жолдар жөнделіп, халықтың жағдайы да жақсарып, түзеліп қалды. Аз ғана жылда Ақтауымыз кішігірім қалашыққа айналды. Шаруашылықта немере ағаларым Ұзақбай Оспанов, Қыдырбай Төлеуов, Есенжол Әбітов, өз ағаларым Аманжол мен Жанжол, тағы басқалары еңбегімен озат атанып, елге танылды.

«Ақтау» кеңшарында Дүйсенов директор болған 10 жылда (1964-1974 жылдары) мал және егін шаруашылығы қатар өркендеп, біз үшін басты қуаныш жаңа ғимаратқа көшкен мектебіміздің орта білім ошағына айналуы десек керек. Онда барлық керек-жарағы сай, балаларға қолайлы интернат үйі де ашылды. Мектебімізде көптеген үйірмелер мен оқу комбинаты ашылып, оқушылардың жан-жақты дамуы мен тракторшы-комбайншы, жүргізуші мамандығын алып шығуына мүмкіндік туды.

Мен осында Жолкен ағамыздың қызы Гүлнармен бір сыныпта оқып, 1969 жылы оны ойдағыдай аяқтадым. Әлі күнге Гүлнармен хабар үзбей, байланысып, араласып тұрамын. Маған сабақ берген ұстаздарымның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Өмір Көріпұлы мен дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Амангелді Әбжановтың орындары бөлек. Бірі мені әдебиет пен өнерге, өмірдің мәніне үйретсе, екіншісі спортпен айналысуға баулыды. Әлі күнге көзі тірі сынып жетекшіміз Әнипа Бекхожинаның берген тәлім-тәрбиесі естен кетпейді. Бұл білім ордасынан бізден кейін де қаншама елге белгілі тұлғалар түлеп ұшты.

«Ақтауды» он жыл алға сүйреген Жолкен ағамыз бұдан соң 15 жыл Жаңаарқа аудандық жол пайдалану мекемесіне басшылық етіп, зейнет демалысына шықты. Бірақ ауылу Қамар жеңгеміз екеуі тірлігінде әке-шешемізбен қатты

араласып, сыйласып, туыстық байланыстарын бір үзбеді. Олар қайтыс болғанда, арнайы келіп, жаназасына қатысып, өз қолымен топырақ та салған.

Ал, мен мектеп бітіргеннен кейін 3 жыл әскери-теңіз флотында әскер қатарында болып, Қарағандыда жоғары оқу орнына түсіп, көбіне елден сырт жүрдім. Дегенмен әлпештеп өсірген ата-анам, туған ауылыма барып тұруды естен шығарған емеспін. Сонда жиын-тойларда жұртшылық Жолкен ағамызды жиі еске алып, оның елге, жерге сіңірген еңбегін әрдайым айтып отыратын. Амал нешік, ол 2002 жылы өмірден озды.

Енді биыл сол өз қолымен құрған «Ақтауының» алпыс жылдығы тойланатын тұста Жолкен ағамыздың аты алдымен аталып, ардақталуы тиіс деп ойлаймын. Өйткені, «Жақсының аты, әлімнің хаты өлмейді» дегендей, оның есімі мен аруағына лайықты құрмет көрсетілуі керек. Өкініштісі, оның өмірбаяны мен суреті «Жаңаарқа» энциклопедиясы мен «Талаға» – тектілер мекені» кітаптарына енгізіліп, аудан орталығы Атасу кентінде бір көшенің аты берілгенімен, бір кезде өз қолымен құрған «Ақтауында» оны есте қалдырарлықтай бір белгі жоқ. Бұл айтқаным аста-төк той жасағалы жатқан ақтаулық жерлестеріміздің құлағына да жетсе деймін. Олар осы биялғы кеңшардың мерейтойы жылында оның тұңғыш қазығын қағып, директоры болып, оны он жыл бойы өркендеткен Жолкен Дүйсеновтің атына округ аумағынан бір көшенің атын берсе, болмаса кезінде өзі тұрған үйге ескерткіш тақта орнатса, жөн болады деп санаймын. Біле білгенге, егер ол болмағанда, Ақтауымыз бүгінгідей дәрежеге жетпес еді. Ал, арада қанша жыл өтсе де, Жолкен ағамның жарқын бейнесі менің мәңгі жадымда.

Дүйсенбай ТӘЖИКЕЕВ,
Қазақстан Республикасының
спорт шебері және еңбек сіңірген
жаттықтырушысы

• ТАНЫМ

Қазақ классикасының қазығы – криминалистика

«...Шәкәрім ақталыпты. Ұлы Ахат елге келіп кетіпті. Қажы өлеңдері жарыққа шығыпты». Абай елінде қызметте жүрген Ақторғайға жеткен осы бір үш хабар оған әкесі Азбанбайды іздеу қажет деген ой салды. Бірақ, 1931 жылдан есімі ұмыт қалдырылған Шәкәрім қажыны енді ғана еске алғанда мұның қолхозшы әкесін «Үкімет есепке алар-ау!» деп үміт етуге қиын бар ма? Ол уақытта Ақторғай жалғыз емес-тін, советтер елінде репрессия жағдайында сенісерге жан таба алмай, ит жүрегі сенделген миллиондаған жұрт ғұмыр кешіп жатқан. Сенісер адам, сенер үкімет жоқтығының себебі әділет ісінің алды-артын байқарлық білім, ғылымның ішкі сырын білмес мінезде жатты.

Ғалым Д.Дриль «Қай халықтың болмасын тағдыр болмысын анықтайтын дүние – мінез» деген. Абай да «Адамның ақылы мен ғылымын сақтайтын сауыты – мінез бұзылмасын» деп ескерткен. Криминалистика ғылымының екі білгірі ескі сөзге сүйеніп айтқан ойын қазақтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосы растайды.

Эпос – байырғы ескі сөз. Абай «ескі сөз» терминімен қоғамдық қарым-қатынасты реттеуші заңды атаған. Эпостық құл Қодар шал Қарабайдың бос сөзіне сеніп, жалғыз қызы ақ Баянды алмақ болып үміттеніп, өзінің қоғамдағы орнын көрсететін заңға менмендікпен мән бермеген.

Атасы жел, анасы жел тантық, құл Қодар тоқсан мың жылқы айдаған Қарабайдың малын шөлден аман-есен алып шығуға жалданады да, Қарабай Қодарға жалғыз қызы Баянды қалың малсыз, борышсыз бермек болып уағда қылады. Намыссыз Қарабаймен серттенген құл Қодар бай шалға «Бейнеттеніп Бетпақтан өткізген соң дер кезінде, Қареке-ау, алдап кетпе!» дейді.

Эпостағы Қодардың әлеуметтік мәртебесі – жалдамалы қызмет көрсетуші, құл. Заң бойынша құл қыздың басына тиесілі қалың мал өткізсе де, азат қызды оған ұстатып жіберуге ата-анасына тыйым етілген.

Біздің дәуірімізге дейінгі XVIII-XII ғасырлар аралығында Кіші Азиядағы Хетт мемлекетінің Сот Жарғысының 34 тарауында келтірілген бұл заңның нормасын академик В.Струве келесідей аударған: «Егер де құл азат қыздың қалың малын беріп, қатын қылып алмақ болса, ата-анасы қызды құлға бермеуге тиісті». (Көне тарих хабаршысы. 1937 №1. 33-38 бб.)

Эпос Баян қызды қатын қылып алмақшы құл Қодарды сөз соңында өлтіріп тынады. Сұлу қызға құмарланған Қодарға қаза келтіру арқылы автор құлға басы

азат қызды беруге тыйым салынады деген заң нормасын жүзеге асырады.

Заң нормасы басы азат, еркін қыздың құқығын қорғаумен қатар оларға құда түсем деп әуре болған дәулетті құлдардың бар мал-мүлкінен айырылып қалмасын ойластырған. Алаяқ Қарабайдың сөзіне иланып ақ Баянды алатынына дөмеленген Қодардың «Қареке-ау, алдап кетпе!» деп зар илегені осы жайды меңзейді.

Струвенің пікіріне сай сот жарғысындағы тыйым нормасы қоғамдық санада «құлға қыз беру ұят іс, тіпті, қылмыс» деп санала бастаған кезде енгізілген.

Қазақ эпосының өзі де анда жүріп кезігіп, ежекабыл ретімен белқұда болған Сарыбай мен Қарабайдың қылмысынан басталады.

Аң құмар Сарыбай буаз маралды көздеп атса, мал құмар қасапшы Қарабай маралдың жаны шықпай жатып, ішін жарып, мөңіреп шыққан екі қодығын тыпырлатып бауыздап тастайды.

Сарыбай құдасы өлген соң «Жетім ұлға қыз бермеймін!» деп, бата байлауды бұзып, қылдай нәзік құдалығын үзіп, тұра қашқан Қарабайдың малы үшін жалғыз қызын Қодар құлға саудалап сатқаны да – қылмыс.

Қатыбас Қарабай сияқты құл Қодардың сұлу қызды заң тыйымына қарамай алмақ қылмыстық ниет, мінезі де қазақ эпосының қазығы – криминалистика екендігін дәлелдейді.

Қасқой батыр құл Қодар «Арқада қызы сұлу бай көшіпті» естіген қуып жүріп, әркімнен сұрап жүріп Шу бойында Қарабайды іздеп табады.

Қодар Баянның Қозы Көрпештің атастырылған қалыңдығы екендігін біле тұра, «Сұлу қызды қайтсе де аламын» деген жаман ниетпен шал Қарабаймен заңсыз келісім қылады. Сол кездегі әлеуметтік иерархиядағы өз орнын таппаған төменгі таптың өкілі құл Қодар бұл ни-



етімен Жарғының 34 тарауында көзделген құқыққа қарсы қылмыс жасады деп танудың жөні бар.

Адамзат қоғамындағы әлімсақтан әртүрлі әлеуметтік топтарға бөлінуінің әсте үзілмес үрдісінің бір мысалын советтік репрессия құрбандарын ақтау тәжірибесінен де нақты көруге болады.

1917-1953 жылдардағы Мәскеудегі мерз мінезді, Сталинмен бірге репрессия жүргізген наурыз номенклатура ол өлгенде бірінші кезекте жедел түрде өздерінің түрмедегі жұбайларын азат етуден бастайды да, азап лагеріндегі сан мыңданған қалың бұқараның жағдайын таза естен шығарады.

Сол себептен атом астында қалған алыстағы Абыралының азаматы Ақторғай әкесі Азбанбайдың тағдырын ойлап алаңдауы орынды еді. (Үш томдық жинақ, «Реабилитация: как это было». М.2000).

Әлемдегі барша белгілі классикалық көркем шығарманың көркі де, көрігі де – қиыннан қиыстырған танымдық тартыс, онсыз көркем сөздің еш қызығы жоқ.

Тартысты тудыратын іс – әркімнің адам болып өмір сүру құқығының жер бетінде нақты жүзеге асуына арналған күресі. Адамның тағы табиғатына тән құқыққа қас, заңға жат қызғаныш пен құмарлығы әкелетін қатыгездікке нараз-

ылығы, заңды қарсылығы.

Талантты суретшінің тірегі: танымдық тартысқа толы тіршілік табиғатының трагедиясы – қылмыс пен құқық. Оған жығылмас дәлеліміз – «Абай жолы» роман-эпопеясы.

Әуезов эпопеясы ауылына асыққан бала шөкірттің үлкен жолдастары оны жолбасар ұры-қарыға толы тұста жалғыз шабудан тежеуінен басталып, Құнанбай ауылында Тобықты үлкендерінің «Қодар сұмдығына» тергеу жүргізіп жатқанымен жалғасады.

Романдағы Қодар – батыр денелі, алпысқа жана кірген, бурыл карт. Ұлы Құлжан қайтыс болған соң көшерге көлігі жоқ болып, оны елден сұрауды лайықты санамаған Қодар қыстауда келінімен қалып қойған.

Ел аузына кім қақпақ болады, қыс бойы қыстауынан ірге аударып жылжымай жатып алған Қодар мен келінін жұрт жаман атқа таға бастайды: «Жалғыз баласы өлген соң келіні Қамқамен жақын болатын».

Өсек сөз Құтжанның нағашы жұрты Сыбанға жеткенде оның төресі «Шыңғыстау бөктеріндегі шашты сайтаныңды тыйсаңшы» деп Құнанбайдың бетінен алған соң ауыла оралған ел ағасы тергеу ісін бастайды.

Әуезов Қодар мен Қамқаны жазықсыз

қылмыстық жазаға тартылып, қорлықпен өлген күнәсіз, кінәсіз бейбақтар деп бейнелеуді таңдаса, жазушыдан жасы да, жолы да үлкен Шәкәрім «Қодардың өлімінде» оларды ар сүймейтін, ел бұзатын ерсі, ұлы іс қылды деп адамдық құқықты қорғай сөйлеген.

Қазақ та адам баласы, сол себепті сот шешімі «ер адамға бөтен әйел түгіл өзінің анасы, қарындасы, қызымен оңаша қалуға болмайды» деген Ману заңының 213, 214, 215-баптарындағы ар қорғаушы құқықтық тыйымға негізделген-тін.

Осы оқиғаға байланысты Құнанбай мен Абайды қарама-қарсы қойып суреттеуі жазушыға өз шығармасына қан жүгірту үшін таптық талаптан туған, амалсыз, қолдан жасалған қисынсыз, қиянат, бояма тартыс еді.

Кері заманды құл қыламыз, езілген елді бақытқа бөлейміз деп бөсіп, ел-жұртты қырып, жойып билік басына келіп алған бүлік большевиктер бірден билеуші, үстем тап екенін сездіріп, әркімнің өмір сүру құқығына қарсы репрессия жолына толық көшеді.

Жер жүзін жеке билеп алмақшы болып есірген тыйымсыз, тежеусіз өскен данғой, бөңгі большевиктік номенклатура репрессияны «жеке басқа табынудан» туған, кездейсоқ іс деген желеумен барша жауапкершілікті өлі Сталинге артып, бөз баяғы жазасыздықтарына криминология дерін ақтап алуға ұмтылды.

Олар үшін болмай қоймайтын ар сотынан құтылуы бір ғана амалы – мемлекеттегі биліктің иесі халықты бағыдай қорқытып, үркітіп ұстап, билікті жеке иемденіп кетіп, бар байлықты талап-тараж қылып тыраштану еді.

Алайда, ескіру мерзімі өтуге жатпайтын, мәңгілік сұрауы бар қылмыс істеген надандардың Тәңірінің құрған тезіне түспей кетеміз деуі бекерлік еді.

Өйткені, Ахат пен Ақторғайдай мыңдаған ұлдар әкелерінің адал аттарын қорғап шығуының артында негізі мықты құқықтық мінез тұр еді.

Алла Тағала адам баласын өсіп, өнсініп деп жаратқан. Сол ғалами ғылым заңы әркімге өзінің адам болып өмір сүру құқығын қорғауға толық құқық берген.

Халықтың қажымас жалғыз досы құқықты қорғай білу әлімсақтан әр қазақтың міндеті болғандықтан криминалистика қазақ классикасының қазығына айналуы заңды еді.

Марат АЗБАНБАЕВ

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Өнертанушымен өрелі кездесу

Н.Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында күйші, өнертану ғылымдарының кандидаты Базаралы Мүптекеевтің шығармашылығына арналған «Күй ғұмыр» атты әдеби-сазды кеш өтті.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өнерпаздар қазақтың күй өнерінің дамуына үлес қосқан күйшінің ел руханиятына сіңірген еңбегі мен шығармашылығымен қоса, домбыраны насихаттады.

Шарада дәстүрлі әнші, ІХ Қасым оқуларының бас жүлдегері Саян Бөдесов, Қазақ ұлттық өнер университеті колледжінің

ІІІ курс студенті Ислам Таңатов және №30 жалпы білім беретін мектептің «Сарыарқа» домбыра үйірмесінің жетекшісі Рая Мейрман, домбырашылар ансамблі өнер көрсетті.

Кешке қатысушылар Б.Мүптекеевтің шығармашылығына арналған «Күй ғұмыр» атты кітап көрмесіне шолу жасады. «АБАЙ» телестудиясы түсірген «Ұмытпаймыз» бағдарламасына қатысқан, қобызшы Саян Ақмолданың күйші туралы

естеліктерінен бейнебаян көрсетілді.

Айта кеткен жөн, Базаралы Мүптекеев күйші, этномызыкаданушы, өнертану ғылымдарының кандидаты. Юнеско ұйымының Қазақстан бойынша «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау» комитетінің мүшесі, халықаралық деңгейде сараптаушы, сондай-ақ, қазақ руханияты мен мәдениеті жолында тер төккен шертеп күйдің шебері.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ҚҰРМЕТ

Білім ұясындағы ерлік бұрышы

Бейсекеевтер отбасының бастамасымен Нұра ауданы Кәрім Мыңбаев атындағы орта мектебінде соғыс және еңбек ардагерлері Берген Бейсекееұлы мен Сұлұшаш Қылышбекқызына арналған естелік бұрышының ашылу салтанаты өтті.

Жас ұрпақты отансүйіштікке тәрбиелеу бағытындағы мәдени мұраның қайта жандануы мектептің бағасын арттыра түскендей болды. Ашылған бұрыштың лентасын Кәрім Мыңбаев ауылының әкімі Амангелді Жұматаев пен мектеп директоры Ғалия Қылышқызы кесіп, Бейсекеевтер отбасының үлкені Ғалым Бергенұлы бата берді. Шашу шашылған соң жобаны құрастырушылар Бақыт Бергенқызы, Шолпан Бергенқызы мен материалдарын жинақтап, кешті ұйымдастырған Айман Бергенқызы естелік бұрышқа жинақталған ақпараттар һәм жәдігерлермен таныстырды. Сөзді көрнекілі-қолданбалы тақтада бейнеленген ақпараттар легінде жастарға жан-жақты бағыт-бағдар беретін тың идеялар бар.

Елінің болашағы үшін аянбай еңбек етіп, саналы ғұмырын ел дамуына арнаған соғыс ардагері Берген Бейсекееұлы мен батыр ана Сұлұшаш Бейсекееваның өмір жолы жас ұрпаққа үлгі-өнеге. Үлгілі отбасы атанып, он екі ұл-қыз тәрбиелеп өсірді. Бүгінде әке жолын қуған балалары, ұрпақтары еліміздің әртүрлі салаларында еңбек етеді.

Естелік бұрыштың салтанаты ашылуының соңы мектептің акт залында танымдық әдеби шараға ұласты. Еңбек ардагері, зейнеткер ұстаз Қажымұрат Жапаров, Кәрім Мыңбаев мектебінің негізін қалаған отбасының өмірі жайлы естеліктерімен бөлісті. От-

басының күйеу балалары Кәрібай Әрінұлы өз жүрегінен ардақты ата-аналарға арнау айтса, Талғат Қайроллаұлы жас ұрпақты еңбекке баулау, ата-ананы қадірлеу арқылы жаңа өмірге талпыну туралы өзінің жүрекжарды ойымен бөлісті.

Кәрім Мыңбаев ауылының әкімі Амангелді Жұматаев пен мектептің директоры Ғалия Қылышқызы да осы мектептің түлектері екен. Осы білім ұясының негізін қалаған Берген Бейсекееұлынан тәлім алып, өнегелі өмірін қызмет жолына пайдаланып келеді.

Өнерлі отбасының бүлдіршіндері де әдеби кештің мәнді өтуіне зор үлес қосты. Тойдың шашбауын көтере келген әріптесі әрі досы Сара Тукашева ерлік тақырыбындағы әндерін орындады.

Ата-аналарының еңбек жолы қалыптасқан Кәрім Мыңбаев мектебінің директоры Ғалия Қылышқызына Бейсекеевтер отбасы Алғыс хат табыс етті.

Тағылымды кешті жиені Мәлика Тілекқызының орындауындағы «Алғыс» әнінің гитратты шумактары қорытындылады.

Сержан СМАХАНҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Айнұр ҚАШҚЫНБАЙҚЫЗЫ,
Кәрім Мыңбаев атындағы мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

• МАРАФОН

Желаяқтар жарыс жолында

Қарқаралыда әуесқойлар арасында жаяу жүгіруден Buguly Trail жартылай марафоны өтті. Сайысқа қатысушылар таулы аймақтың қашықтығы бағындырды. Оның ішінде, жастар 10 шақырымдыққа, 21 шақырымды ересектер жүгіріп өтті.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жарысқа қатысқандар арасында кәсіпқой марафоншылар, сонымен бірге, қатарға жаңа қосылған желаяқтар болды. Олардың арасындағы ең танымалы – Константин Серебряницкий. Ол – Санкт-Петербург қаласының тумасы. Сонау бала кезінен жаяу жүгіріске деген көңілі алабөтен көрінеді. Константин – жүгіруден Ресейдің Халықаралық кросс-фит чемпионы.

– Қарқаралыға бір апта бұрын келдім. Тұмса табиғаты құпияға бай өте әсерлі мекен. Орманы мен бұлағы сарқыраған таулы аймақта жүгіру адамға ерекше ләззат сыйлайды. Мұны сезіне білудің өзі ганибет. Марафон туралы осында келгенде бір-ақ естідім. Содан бағымды сынап

көрейін деп қатысқан едім. Нәтижесінде мәреге бұрын кеп, жүлделі болған жайым бар, – дейді жарыс жеңімпазы Константин Серебряницкий.

«Жарыс жоғары деңгейде өтті» дейді қатысушылар мен жанкүйерлер. Оның үстіне таулы мекеннің әсері спортшыларға жаққандай.

– Мұндай мекенде серуендеу, оны аралаудың өзі денсаулыққа өте пайдалы. Марафонға алғаш қатысуым. Ұмытылмас әсердемін. Жарыстың алғашқы қашықтығында қиналамын деп ойлағанмын, алайда, таудың таза ауасынан ба, тынысым ашылып, қимылым жеделдей түсті. Бұл жарыста жеңбесем де, жеңімпаздармен жарысқанымды мақтан тұтамын, – дейді марафоншы Ербол Ашманов.



Сурет облыс әкімінің сайынан

• ЖӘРМҰҚА

Қолөнер – зор өнер

Қарағанды қаласында қолөнершілердің жәрмеңкесі «JADIGER» қолөнершілер қауымдастығының қолдауы аясында ұйымдастырылып, оған 350 шебер мен 30-ға жуық кәсіпкер қатысты.



Олар ұлттық нақыштағы киімдер, сөмкелер, керамикалық бұйымдар, ойыншықтар, косметика сынды өнімдерді келушілер назарына ұсынды. Шеберлер этностилдегі киімдер мен тұрмыстық бұйымдарын саудаға шығара алды.

Бұл туралы «JADIGER» қолөнершілер қауымдастығының жетекшісі Перизат Құлымбетова былай дейді:

– Көпбалалы, үйде отырған, жұмысыз аналар болғандықтан, оларда сатып алу мүмкіндігі бола бермейді. Сондықтан, біз мемлекет тарапынан ұсынылған жәрмеңкелерге жиі қатысып, қолөнершілермен көрме-жәрмеңкелер ұйымдастыруға тырысамыз. Бұл жөнінде «Сарыжайлау» кинотеатрының әкімшілігі ұсынысымызды қабыл алып, 3 күнге созылған қолөнершілер жәрмеңкесін өткізуге тілектестік білдірді, – дейді Перизат Құлымбетова.

Отбасын қолдауда көпбалалы аналарға көмек қолын созып жүрген қоғам жанашыры, «Қарағанды қаласының от-

басын қолдау орталығы» КММ директоры Ләззат Қожахметова да өз ойымен бөліскен еді.

– Біздің ұлттық қолөнер бұйымдарымыз бен жәдігерлерміз тек қана қабырғада, сөрелерде тұрмауы керек. Ол кез келген анаға табыс әкелуі қажет. Өйткені, осымен айналысатын аналардың көбі үйде, баласының тәрбиесімен отырған аналар. Сонымен қатар, ұлттық өнерді дамытуда. Сол себепті аналардың, қыз-келіншектердің табыс тапқанын қалаймын, – дейді Ләззат Қожахметова.

Жәрмеңкеге келушілердің қатары қалың. Олар бұйымдарды көріп қана қоймай, өзіне ұнағанын сатып алу мүмкіндігіне ие болды. Біраз өнім сатылып, табыс тапқан шеберлер дән риза.

Аружан СЕРІКБАЙ,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің журналистика бөлімінің ІІІ курс студенті



Сурет ашық әрекеттен

• ФУТЗАЛ

Мүмкіндікті мүлт жібермес үшін...

Қарағандылық «Биосфера» командасының Қазақстан чемпионатындағы ойыны ел есінде. Дәл осы нәтижені кіші «Биосфера» командасы да қайталауға ниетті көрінеді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Павел Такудың бастамасымен «Биосфера» өткен маусымда бірінші лиганың вице-чемпионы атанып, бұдан бұрынғы чемпион команда «Рахметпен» таласта тұр. Ойынның сәтті өтуі мен ойыншылардың қабілеті «Биосфера» командасын айтарлықтай алға жетелеуде. Сол «Биосфераның» екінші топ өкілдері де Қазақстан чемпионатында бақ сынамақшы. Кіші «Биосфера» суперлига алаңына шығуды бұрыннан көксеген-тін. Енді, міне, таптырмас мүмкіндіктің шеті шыққандай. Олар ойынға жолдама алуға бір табан жақындады. Осы орайда Қазақстан футбол қауымдастығының делегациясы Қарағандыға келмек ниетте. Олар кіші «Биосфераның» әлеуетін бақылап, жарысқа қабілеттілігін болжайды.



Сурет ашық әрекеттен

Десе де, бұл мәселенің түпкі шешімі Қарағанды әкімдігіне байланысты. Жергілікті әкімдік кіші «Биосфера» командасын қаржыландыруға дайын ба? «Тұлпардың» бюджеті қос командаға жетер ме екен? Бұл – әзірге беймәлім сауал.

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Бас редактордың м.а. –
Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтинк, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VRY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 200

№ 82 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерік НАРЫН**